Concerning the studied concept, E.E. Dementieva also believes that economic crimes have the lasting systematic development and, having mercenary character, are made in the course of implementation of professional functions within and under cover of lawful economic activity [7]. In such interpretation the narrow interpretation of economic crimes predominates — they are understood only as the acts made in the sphere of economic activity.

It is necessary to recognize that the legislation of many countries including Russian, nowadays was practically not defined in the matter. So, CC of Russia included in section VIII the "Crimes in the sphere of economy" of act committed not only in the sphere of economic activity (chapter 22), but also against property (chapter 21).

This section included also encroachments against the interests of service in commercial and other organizations (chapter 23), many of which as B.V. Volzhenkin truly notices, "are not always connected with economy" (for example, abuse of authority by private notaries and auditors, employees of private detective and security services) in this connection finding of this chapter in section 8 "very doubtfully". Nevertheless, with some share of convention, crime and this chapter have to be called as economic. Still to a large extent such name is applicable to crimes against property. At all not because as it is noted in legal literature, almost all encroachments in the sphere of economic activity do harm and to the property relations, and crimes against property at the same time break also normal way of the economic relations that "allows to draw a conclusion on difficulties, on practical impossibility of accurate, unambiguous differentiation of crimes against property and so-called economic crimes".

Of course, the known difficulties in delimitation of acts property from made in the sphere of economic activity exist. But they existed and earlier — the fact that, despite external isolation in the previous codes of chapters about property and economic crimes, separate types of acts "removed" from one chapter to another demonstrates to it, in particular. Despite the known difficulties, acts directed against property, and made in the sphere of economic activity quite perhaps it is also necessary to distinguish, and first of all on an object. In the relations of property it is accepted to allocate the static and dynamic parties. If the static party is characterized by a condition of accessory of material benefits to the owner, then dynamic — use of a subject in the course of production, distribution, consumption and exchange, finding of "a thing in a turn".

Depending on to what of these aspects the prevailing significance is attached, the crimes and encroachments made in the sphere of economic activity are allocated property (against property). In general they have to be called as A.A. Piontkovsky noticed still in the twenties the last century, as "economic crimes", or "as the crimes breaking the economic relations" [8].

Criminal code of the Kazakh SSR of 1959 y., in fact, carried to economic crimes and encroachments in the sphere of ecology, recognizing the last as a kind of economic crimes. In legal literature there were also views according to which against the nature either the relations of property, or the relation on economic use of natural resources were recognized as object of crimes. The environment, in compliance with these views, was considered as the peculiar "storeroom" which is subject to development, operation, but not as the habitat of all live on the earth — the person of an animal and flora. Ecological crimes are the socially dangerous acts encroaching on the ecological law and order established in the state, ecological safety of society and the doing harm to the surrounding environment and health of the person. Respectively these acts were isolated in separate chapter — the eleventh and located not among economic crimes, and after crimes against health of the population and morality.

According to P.S. Yanni, in general it is very difficult to define borders of a concept of economic crime accurately in strictly criminal and legal sense as behind it (concept) the known convention will be always meant [9].

For example, as criterion for in delimitation of economic crimes from official and other, so to speak, general criminal, it is possible to allocate presence at criminal action of the corresponding object among the main. It is possible to claim that in a broader sense it is necessary to refer to economic crimes also premeditated murder from mercenary motives if its purpose was, for example, hindrance to group of shareholders to receive the

majority at discussion at a general meeting of a question of distribution of dividends. At the same time it also considers that conclusions to which it is possible to come as a result even the shortest, superficial acquaintance with a concept of the term "economy" of economic literature are capable to bring a considerable destructive element in the considered especially criminally legal perspective if to apply this concept of that value in which they are used in nonlegal science and practice.

Generalizing stated, it is possible to give the following definition of a concept of "crime in the sphere of economic activity": this made in the sphere of economy — it is deliberate or on imprudence — the action or inaction which is creating danger of infliction of harm or really doing harm to the relations of production, exchange, distribution or consumption, and recognized as crime by standards of chapter 7 of the Special part of the Criminal Code of Kazakhstan [10].

List of references:

1. Seydakhmetov F., Kunisova B., Bayzhenova K. Features of separate economic crimes and essential elements of offense of their manifestation//Messenger of the businessman. — 2003. — No. 9. — Page 2.

2. Kolesnikov V.V. Crime in the sphere of economic activity and its criminological characteristic//Questions of qualification and investigation of crimes in the sphere of economy. — Saratov, 1999. — Page 75.

3. Yanni P. S. Economic and office crimes. — M, 1997. — Page 32.

4. The criminal code of RK — Astana: IKF "Volume", 2001. — Page 121.

5. Lopashenko N.A. Crimes in the sphere of economic activity. — Rostov N / D., 1999. — Page 9.

6. Volzhenkin B.V. Economic crimes. — SPb, 1999. — Page 47.

7. Dementieva E.E. Problems of fight against economic crime in foreign countries: M, 1996. — Page 30.

8. Piontkovsky A.A. Soviet criminal law. T.2. — M.-L., 1928. — Page 22-30.

9. Yanni P. S. Economic and office crimes. — M, 1997. — Page 97.

10. Kruglikov L.L., Dulatbekov N.O. Problems of differentiation and individualization of responsibility and punishment. — Karaganda, 2001. — Page 13.

Байкенжина К.А-з.ғ.к., доцент.
ҚазтұтынуодағыҚарағанды экономикалық университеті. Қазақстан
Баранбаева А.-магистрант
ҚазтұтынуодағыҚарағанды экономикалық университеті. Қазақстан

АДАМ САУДАСЫ МЕН ЗАҢСЫЗ КӨШІ-ҚОН АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС

Адам саудасы заңсыз қылмыстық әрекет болғандықтанда, егер ол орын алған болса, онда үкімет пен қоғам тұтастай алғанда жемқорлықпен айналысатын болып табылады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің жүргізген талдауларының қорытындысына сәйкес, адам саудасы есірткінің заңсыз айналымы немесе басқа да пайдақорлық, жемқорлық сияқты заңсыз іс-әрекеттермен бірге жүреді [1]. Адам саудасы және заңсыз көші-қонды ұйымдастыру елдегі халық санының күрт азаюына қатты ықпал етеді. Қазақстан үшін жастардың басқа мемлекеттерге кетуі, әлеуметтік тепе-теңдік пен еңбек нарығына да елеулі зиянын тигізеді.

Әрине, өз елінен тыс жерлерде тұратын және жұмыс істейтін көптеген азаматтар өз табысының бір бөлігін туыстарынын есептеріне аударып отырады. Алайда, заңсыз мигранттар мен адам саудасының құрбандары өз елінің экономикасын дамыту үшін заңды түрде жұмыс істеген болса, ел экономикасының дамуы мүлдем басқаша болар еді.

Көші-қон мәселесі мигранттар кетіп жатқан елдер үшін де, кетіп жатқан елдер үшін де халықаралық қатынастардың жаңа түрлерінің пайда болуына әкеліп соғады. Қазіргі заманғы көші-қон мәселесі өнеркәсібі дамыған елдердегі халықтың өсуіне ықпал етсе, ал, дамымаған елдердегі адамдардың санының азаюына келіп тіреледі.

Қазіргі уақытта халықаралық және мемлекеттік ұйымдар мен институттар адам саудасы және заңсыз көші-қонды ұйымдастыру сияқты қылмыстық

әрекеттерге қарсы күресте елеулі табыстарға қол жеткізді, бұл халықты осы қылмыстық әрекеттердің таралуына байланысты мәселенің айрықша маңызы туралы хабардар етуіне ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында заңсыз көші-қон мен адам саудасына қарсы күрес ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру үшін осы мәселеге қатысты жаңадан нормативтік құқықтық актілер әзірленіп, онда заңсыз көші-қон ұйымдастырушылар мен адам саудасымен айналысушыларға қатысты қылмыстық қудалаудың тиімділігін арттыру проблемалары қарастырылды, сонымен қатар осы мәселеге қатысты жұмыстармен айналысатын прокурорлар мен лауазымды тұлғалардың біліктілігін арттырып, білімін жетілдіру жайлы да іс-шаралар қолға алынды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясы адам саудасына қатысты қылмыстармен айналысатын құқық қорғау органдарының офицерлерін дайындау процесінде адам саудасы құбылысының әр түрлі аспектілерін меңгере алатын бағыттарды үйретуді басшылыққа ала отырып жүзеге асырады, атап айтқанда: адам саудасы қылмыстарының алдын алу, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, жәбірленушіні қорғау, адам саудасына қатысты ақпарат алмасу және басқа елдердегі адам саудасымен күрес жүргізетін органдармен ынтымақтастық, зардап шеккендерді анықтау, адам саудасына қатысты ақпарат жинау және ақпарат алмасу және т.б.[2]

Иммиграциялық заңдардың жетілмегендігі, белгілі бір өңірлердегі экономиканың тұрақсыздығы, идеологиялық жұмыстардың нашарлығы және қылмыстың алдын алуға қатысты өткізіліп жатқан іс-шаралардың тиімсіздігі адам саудасымен адамдарды құлдықта ұстап еңбегін қанаудың негізі болып, сондай-ақ осыған қатысты қылмыстарды жасауға серпін беруде.

Бұл факторлар қылмыскерлерді адам саудасына қатысты түрлі айла-шарғылар жасауға және осыдан елеулі ірі мөлшерде пайда алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда адам саудасы қарқынды дамып келеді және ол төмендегідей қылмыстық әрекеттердің жиынтығынан тұратындығы дәлелденді:

-заңсыз көшіп келуді ұйымдастыру,

-жезөкшелікпен айналысатын әйелдерді тасымалдау,

-құл жағдайында жұмыс істеуге адамдар сату немесе жөнелту, әкелу,

-дамушы елдердің отбасына қажетті үй қызметкерлерін таңдау және жөнелту, сату,

-үлкен сомадағы қаржы алып заңсыз бала асырап алуды ұйымдастыру. Заңсыз иммигранттар ағымы негізінен ұйымдасқан қылмыстылықпен тікелей байланысты.Дамыған елдерге келгендер, әдетте, істейтін жұмыс болмағандықтан шеткері жүріп тек қана қылмыстармен құқықбұзушылықтармен айналысатын топтар құрамына еніп, күнкөріс қамын жасауға қажетті қаржыларын табуға тырысады.

Жоғарыда келтіріліп отырған мәселені таңдау барысы бойынша (заңсыз көші-қон және адам саудасы) сараптама жасаушылардың бағдарламаларында келтірілген болжамдар алдағы онжылдықта бұл мәселе ең өзекті мәселе болып табылады деген пікірге қатысты ойланудың қажет екендігін нақтылап отыр,

Таңдаудың дәлдігі оң бағалануы тиіс, өйткені заңсыз көші-қон және адам саудасы бір жағынан адам құқықтарын бұзумен (көбінесе тек қана жеке нысанда) байланысты, ал екінші жағынан - ұйымдасқан қылмыстылықтың мүдделерін қанағаттандыруға толықтай жатады

Осылайша,адам саудасына қатысты мәселеге талдау жасау, біріншіден, мемлекеттер мен үкіметтердегі қылмыстылықтың деңгейін бағалауға және екіншіден, қарастырылып жатқан құбылыстардың алдын алуға қатысты тиімді стратегияларды анықтауға және ұсынуға мүмкіндік береді.

Сондықтан адам саудасына қарсы күрес заңсыз көші-қонға қарсы күрес болып табылады. Іс жүзінде заңсыз көші-қонмен күрес түрлі БАҚ-мен жүзеге асырылады. Мысалға, билетсіз жолаушыларды анықтау үшін пайдаланылады:

-жүк көліктері, контейнерлер мен басқа да адамдарды тасуға болатын көлік құралдарын жылдам көруге мүмкіндік беретін рентгендік қондырғылар;

-жүктеме ішінде жасырылған адамдардың бар екендігін көрсететін жүкті тіркемелерге орнатылған көміртегі диоксиді немесе жоғары температура мөлшерін анықтайтын детекторлар.

Заңсыз шекарадан өтуді анықтау үшін пайдаланылады:

-адам ағзасының жылу белгілерінің барлығын көрсететін дабыл сигналын беретін шекаралардың қорғалмаған учаскелері бойынша стационарлық және портативті инфрақызыл қондырғылар;

-шекарадан өтіп жатқан адамның аяқ ізінің топырақ діріліне әсер етуін анықтайтын сейсмикалық детекторлар.

Бұған қоса, теңіз арқылы заңсыз тасымалдауды анықтау үшін жерсеріктік қадағалауды қолдану сияқты инновациялық үлгілерді қолдану қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, заңсыз көші-қонмен күресте мынадай кемшіліктер бар:

-заңсыз тасымалдау және адам саудасы, әсіресе әйелдер саудасына қатысты мәселелердің, елеулі қаржыны талап етпейтін кішігірім проблема ретінде танылуы;

-жезөкшелік индустриясына қатысты төзімділіктің көбінесе әйелдер саудасы үшін қолданылуы;

-құқық қорғау органдарының жергілікті деңгейде адам саудасының құрбандары мен құрбан болмау тәсілдері туралы хабарламаларды аз мөлшерде таратуы немесе ондай хабарламалардың тіптен болмауы;

-шекарашылардың шекараның белгілі бір жерлерін ғана тексеруден өткізіп, маршрут бағыттарын ұдайы өзгертіп тұрмауы;

-мемлекетте полиция және шекара қызметін жетілдіруге қатысты қаржы тапшылығының орын алуы,

Кемшіліктерді жоюдың жолдары:

-адам сату қылмыстарымен айналысушыларға қатысты мәліметтер жинауды жақсартуды жолға қою, атап айтқанда қылмыстық топтар мен қылмыстық қауымдастықтардың орналасқан жері туралы;

-шекараны күзету қызметін жетілдіру, атап айтқанда шекараны аралау кестесіне ұдайы өзгерту енгізіп отыруды;

-адам сату қылмысының алдын алуға қатысты қажетті қаржыға байланысты нақты ұсыныстар жасау.

Көптеген мемлекеттер әлі күнге дейін адам саудасына қатысты жетілдірілген нақты саясатты ұстанып отырған жоқ. Олар өз мемлекеттерінің адам саудасына қарсы күреске арналған қазіргі заманғы заң нормалары

халықаралық қылмыстық ұйымдардың әрекеттерін құқықтық жауаптылық тұрғысында қамтамасыз етпейтінін мойындайды.

Бұдан басқа, ұлттық саясат адам саудасы бойынша ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарға және этносаралық одақтарға әсер етудің тиімді тетіктерін қамтамасыз етпейді, олардың қызметін одан әрі жетілдіруге қарсы тұруға қатысты жан-жақты және әртараптандырылған әрекет етуді қамтамасыз етуге қатысты әрекет ете алмайды.

Адам саудасына қатысы бар ұйымдардың, ұйымдасқан қылмыстық топтардың әрекеттеріне қатысты жоғары деңгейлердегі зерттеулер қорытындысы көбінесе осы бағыттағы сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы қажетті шаралардың аз көлемде және нақты болмағандығын көрсетеді [3]

Процессуалдық қылмыстық кодекстер мен полиция қызметкерлеріне қатысты ережелер, оның ішінде юрисдикциялар арасында айтарлықтай ерекшеліктер, адам саудасымен айналысушыларға қауіпсіздік аймақтарын құруға үлкен мүмкіндіктер береді.

Көптеген елдерде адам саудасына қатысты өзекті сұрақтарға жауап бере алатындай қабілеттер мен мүмкіндіктер жеткіліксіз. Олай болудың себебі төмендегідей:

-көші-қон мәселесіне қатысты заңнаманың жетілдірілмеуі;

- адам саудасына қатысты сот секторында қызмет етушілердің біліктіліктерінің деңгейінің төменділігі;

-заңның, сот төрелігінің және иммиграция сияқты басқа да әлеуметтік мекемелердің құрылымдары арасындағы жеткіліксіз ынтымақтастық.

Халықаралық деңгейде құқық қорғау органдары мен сот төрелігі мекемелерінің түрлі елдердегі сот төрелігін жүзеге асырушы қызметкерлермен өзара әрекеттесуінің негізі адам саудасына қатысты істерді тиімсіз тергеу және сотта қараудан туындайтын заңсыз шешімдерден болуы мүмкін.

Ұлттық және халықаралық деңгейлерде үйлестірудің жетіспеушілігі ереже емес, ерекше жағдай болып табылады.Адам саудасының жәбірленушілері әділ сот төрелігі жүйесіне жүгінген жағдайда табатын пайдасынан, зияны көп болатын жағдайлар да орын алуда.

Көптеген елдерде мұндай адамдар заңсыз қылмыстық әрекеттердің құрбандары емес, иммиграциялық заңдарды, жезөкшелікті немесе заң

бұзушылықтарды басқа да тұлғалармен біріге отырып жасаған деп танылып заңмен қудаланады, яғни жәбірленушілердің әрекеттері «әдепсіз мінез-құлық», «қаңғыбастық» ретінде танылады [4].

Жеткілікті дәлелдемелердің болмауы мен жәбірленушілерді қорғау бағдарламаларындағы кемшіліктер тергеудің, қылмыстық қудалаудың және сот отырыстары шешімдерінің тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Жалпы қоғам мүшелерін адамдар саудасының барлық аспектілері, ұйымдасқан қылмыстық топтардың адам саудасымен айналысуының ұзақтығы мен кезеңдері, адам саудасы құрбандарының тағдыры туралы көптеген мәліметтер туралы толықтай біле бермейді, оның себебі, біреулерін мұндай мәліметтер аса қызықтыра қоймайды, екінші біреулері мәліметтер алатын дерек көздерін білмейді т.с.с.

Демек, кез-келген уақытта, кез келген жағдайда көптеген адамдар, балалар олардың ата-аналары немесе қамқоршыларының адам саудасының құрбандары болуы мүмкін.

Сондықтанда, адам саудасына қарсы тұру мәселелерімен айналысатын бірқатар халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар жергілікті және халықаралық деңгейде адамдар саудасына қатысты ақпарат алмасу желісін дамытуда.

Халықаралық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар жүргізетін адам саудасымен күрес жүргізуге қатысты оқыту және ынтымақтастық бастамалары, адам саудасының болашақ жәбірленушілерін табуға қатысты ұйымдасқан қылмыстық топтар туралы (мысалы, экономикалық ауыр жағдайда өмір сүріп отырған адамдар және әскери жағдайдағы босқындар, соның ішінде баспана іздеушілер) немесе құқық қорғау органдары өкілдерінің сыбайлас жемқорлық сияқты факторларды азайтуға байланысты іс-шараларының қорытындылары туралы, жалған құжаттар жасау, сату, сатып алу, шекараны бұзу немесе бұзуға оқталуға қатысты жаңа мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Дегенменде, халықаралық ұйымдар адам саудасының қылмыстық құрамын ескеріп, оларға қатысты әлемдік масштабта әрекет етуді жоспарласа да, контрабандамен және адам саудасымен айналысатын криминалдық топтарға қатысты әлі де нақты құқықтық деңгейдегі іс-шараларды жолға қоймай отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1.Рогов И.И., Рахманов С.М. Торговля людьми в XXI веке: ситуация в мире и в Республике Казахстан.Астана, - 2013.

2.Абубакирова К.Борьба с торговлей людьми: современная ситуация. Астана.2014.

3.Алимжанова А.К. Правовые основы криминализации торговли людьми в уголовном законодательстве Республики Казахстан. Костанай.2009

4.Омаров А.К Пути совершенствования уголовно-правовой политики Республики Казахстан в сфере борьбы с торговлей людьми. Астана.2012.

Сатбаева Қ-з.ғ.к., доцент.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті. Қазақстан
Берсүгір А.- магистрант
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті. Қазақстан

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ТЕОРИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Билік бөлу қағидаты – кез келген мемлекеттегі саяси биліктің үлгісін анықтайды және саяси құқықтық қағидаттардың біреуі ретінде танылады. Егер саяси ғылым тұрғысынан қарасақ, билік бөлу қағидаты билік шыңында саяси күштердің орналасуының негізгі факторы болып саналады, ал заң ғылымында – мемлекеттік биліктегі жоғарғы органдардың қарапайым және тұрақты қалыптасуын қамтамасыз етудің ең қажетті жағдайы болып табылады.

Қазақстандағы конституциялық құрылыстың дамуы құқықтық мемлекеттің қалыптасу идеясын 1990 жылғы 25 қазан айындағы «ҚазКСР-ның егемендігі туралы» Декларациясында атап өткен [1]. Аталмыш Декларациядағы басты қағидаттың бірі болып мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот органдарына бөлінуі аталмыш Декларациядағы басты қағидаттың бірі болып табылады. Сол себепті Республикамыздың құқықтық мемлекет болып қалыптасуы, осы идеяның қалыптасу табиғатына пара-пар келеді.

Әр елдерде құқықтық мемлекет қалыптастыру проблемаларын, соның ішінде Қазақстанды құқықтық мемлекетке айналдырудың өз ерекшелігі бар.

Егер нақты проблеманы алға қоя отырып, бұрынғы көзқарастарға сүйенсек, онда биліктің бөлінуі құқықтық мемлекеттің атрибуты ретінде өзінің дамуын Ш.Л Монтеськенің теориясында бастау алады. Яғни, ол билік пұрсатын теріс пайдалануды әр түрлі биліктердің бір-бірін тежеуі үшін заң шығарушы, атқарушы және сот билігі деп үш билік түріне бөледі. Осыған орай ол: «Егер заң шығарушы және атқарушы орган бір мекеме немесе бір тұлға болып қосылса, онда еркіндік болмайды» – дейді [2, б. 12]. Егер сот билігі атқарушы мен заң шығарушы биліктен бөлінбесе де еркіндік болуы мүмкін емес.

Осыдан келе биліктің бөліну принципі құқықтық мемлекет қалыптастырудағы конституциялық құрылыс сипатына біршама әсерін тигізеді. Билік бөлу қағидасын жүзеге асыру құқықтық мемлекет қалыптастыруға аяқ

басудың белгілі бір кезеңін көрсетеді. Нақты айтып отырған қағидат және басқалары да конституцияда бекітілген. 1995 жылы қабылданған еліміздің Негізгі Заңына сәйкес заң шығарушы билікті – Парламент, атқарушы билікті – Үкімет және сот билігін Жоғарғы Сот пен жергілікті соттар жүзеге асырады. Сондай-ақ Президент Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабына сәйкес мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді [3].

Қазақстан тарихында бірінші рет тепе-теңдік әрі тежемелік жүйесінің негізінде екі палаталы парламент құрылды. Мемлекеттік билік жоғарғы билік болып табылғандықтан, ол барлық қоғамға, қоғамдық билік формаларына тарайтын және осының арқасында біртұтас жүйе ретінде дамушы билік көрінісі. Кез-келген мемлекеттік билік ұйымдастырушылық үлгіде жүзеге асырылады. Соңғылардың жиынтығы мемлекеттік билік механизімін құрады.

Қоғам күшті болып табылатын биліктегі тұлғалардың еріктерімен құрылмайды. Ол тарихи әділ даму нәтижесінде туындаған. Егер тарихқа жүгінер болсақ, биліктің күштеу, мәжбүрлеу құралы болып табылатынын аңғарамыз.

Сонымен билік бөліну теориясы дегеніміз – билік жүйесінде немесе құрылымында мемлекеттік жоғарғы органдардың ара қатынастарының механизімінде концептуалды орнығуы, ал бөліну қағидасының өзі тәжірибе негізінде жүзеге асқан, яғни, биліктің әрекет етуі бір-біріне тәуелсіз мемлекеттік билік органдарымен жүзеге асырылады.

Ең бірінші биліктің бөлінуіне түсінік берген XVI ғ. Италияның мемлекеттік қызметкері Н. Макиавелли және француз заңгері Ж.Боден. Қоғамдық билік қиын құбылыс болып табылғандықтан оны бір жағынан субъект және объект, ал екінші жағынан басқару механизімі және биліктің қайнар көзі құрайды. Субъектілерге байланысты билік мемлекеттік, партиялық, кәсіподақтық, армиялық, жанұялық және тағы басқа болып бөлінеді. Мемлекеттік билік өзінің органдарының функцияларына байланысты заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне топтастырылады.

Субъект және объект билігінің өзара қатынас тәсілі: демократиялық, социалистік, авторитарлық, тоталитарлық және тағы басқа болып белінеді.

Билік бөліну қағидаты XVIII ғ. бірінші жартысында, яғни феодалдық абсолютизмнің гүлдене бастаған кезінде француз философы және құқықтанушы

Ш.Монтескьенің теориясына негізделген. Бірақ бұған дейін Дж.Локк пен Помибийдің еңбектерінен олардың билік бөлу қағидаты туралы тұжырымдамаларын көруге болады. Рим империясының мемлекеттік құрылымы билік бөліну негізінде құрылған. Осыған сәйкес Монтескье Франциядағы феодалдық және корольдің шексіз билігін талқылап, буржуазиялық демократия орнатқысы келді. Оның 1748 ж. «Дух Законов» деген шығармасында биліктің үш түрі қаралған: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі. Ш.Монтескье биліктің бөлінуін, олардың функциялары арқылы емес, қоғамдық күштердің саяси бостандықты орнату жолындағы бөлінуі арқылы жүзеге асырылатынын айтып өтті. Ол «заң шығарушы және атқарушы билікті бір тұлғаның қолына немесе мекемеге шоғырландырса, онда бостандық болмайды» деп есептейді және де оның айтуы бойынша «Сенат және Монарх екеуі бірігіп тирандық заң қабылдайды және оны дәл сондай тирандық түрде қолданады. Сонымен қатар сот билігі де заң шығарушы, атқарушы биліктен бөлінбесе онда бостандық болмайды. Егер сот билігі заң шығарушы билікпен біріксе онда адам өмірі мен бостандығы тәркіленуге әкеп соғады немесе сот заң шығарушы билікті иемденіп кетеді. Егер сот билігі атқарушы билікпен біріктірілсе, онда сот қолданушы болуға мүмкіндік алады [2, б.290,291]. Монтескье өзінің «Дух законов» шығармасында үш билік тармағын бөліп жазған, сонымен қатар бір біріне тәуелсіз және тең. Ең жоғарғы билікке бағынушылық болу керек. «Билікке қиянат етушілік болмау үшін, биліктің әр қайсысы бір-бірін тежеп отыратын жағдайда болу керек», – деген өзінің еңбегінде Ш. Монтескье [2, б.290-291]. Осыған байланысты мемлекеттік билікті бір адамның қолына шоғырлану идеясын жоққа шығарған. Әрбір мемлекеттегі билік органдарының (заң шығарушы, атқарушы және сот билігі) әр қайсысы өз беттерімен және бір-бірінің жұмыстарына араласпай жұмыс істей алады. Билік бөлу компетенциясының бір вариянты «тепе-теңдік әрі тежемелік жүйесі», яғни әрбір билік бір-бірін жан-жақты қадағалауға және бір-бірін тежеуге мүмкіндік бар деген сөз.

Жоғарғыдай мемлекеттік билік механизімі АҚШ мемлекетінде функционалды түрде жүзеге асырылады, мұны мемлекет басқарудағы классикалық вариантқа жатқызады [4, б.50]. Екінші варианты мемлекеттік биліктің бір тармағының жоғары тұруын қадағалайды, яғни заң шығарушы биліктің жоғары тұруы. Бұл вариант Англия мемлекетіне тән [5, б.47].

Биліктің меңгерілуі халық дербестігіне негізделеді. Бұл қазіргі кездегі көптеген мемлекеттер конституцияларында бекітілген. Осыған байланысты заң шығарушы билік заңдар қабылдайды, атқарушы билік оның орындалуын жүзеге асырады, ал сот билігі құқыққа байланысты туындаған дауларды заң шығарушы органдармен қабылданған заң арқылы шешеді. Енді әрқайсысының функцияларына жеке тоқталайық.

Заң шығару билігі тез арада құрылған жоқ. XYII ғ. соңына қарай әр түрлі мемлекеттердегі заң шығару жиналыстары монархтармен бірге салық пен басқару мәселелерін шешуде тең дәрежеде болды. Англиядағы абсолютизм мен парламент жақтаушыларының жоғарғы биліктің кімнің қолында болу керектігі туралы дауласуы 1649ж. Король Карл I кезінде азаматтық соғыстың басталуына себеп болды. Дәл осы уақытта Англия философы Дж.Локк «Трактат о государственном правлении» шығармасында парламенттің монархиядан жоғары тұрғанын жазған [6, б.67]. 1689 жылы Вильгельм Оранский Англияда конституциялық монархия орнату туралы жарлыққа қол қойған.

Биліктің толығымен үш тармаққа, яғни заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып бөлінуі XYIII ғ. аяғына қарай АҚШ, Франция және тағы басқа елдердің конституцияларында бекітілді [7, б.17].

Қазіргі кездегі жаңаша көзқарастарға сүйенсек биліктің заң шығарушы тармағы мемлекеттік биліктің негізгі құрама бөлігін құрайды, яғни заң және тағы басқа құқықтық актілерді қабылдау, оның қызметінің негізгі аясы болып табылады. Осыған байланысты заң шығару билігінің ең маңызды міндеттерінің бірі – ол жаңа заңдар шығару мен оларды өңдеу. Сонымен қатар қолданылып жүрген заңдарға толықтырулар мен өзгерістер енгізу және белгілі бір жағдайда олардың күшін жою құқығы берілген. Заң шығару билігі өзінің қызметін мемлекетік билік органдары арқылы жүзеге асырады. Бірақ олардың жұмыс шеңбері әрбір мемлекеттің конституциясымен шектелген және өз құрамына белгілі бір арнаулы өкілеттіктермен белгіленген мемлекеттік билік органдарын кіргізеді. Билік бөлу қағидаттарына сәйкес құрылған қазіргі кездегі демократиялық мемлекеттерде заң шығару билігін жүзеге асырушы дауыс беру арқылы құрылған мемлекеттік өкілетті орган болып табылады. Заң шығару билігіндегі парламент мемлекеттегі жоғарғы орган болып табылатындықтан – ол ішкі құрамы күрделі, көп функциялы және нақты құрылымдағы саяси мекеме.

Бірқатар мемлекеттерде заңның орындалуын жүзеге асыруды атқару билігіне иелік ететін Президент пен Үкімет. Бұл жағдай Великобритания мен Даниядағы құрылысқа сәйкес келеді [8, б.19,21]. Бұнда заң шығару билігі парламент пен монархка тән. Бұндай құқық Нидерландыда – король мен парламентке, ал Финляндияда – президент пен парламентке берілген [6]. Заңның парламенттен тыс қабылдануы, ол тікелей бүкіл халықтық дауыс беру арқылы қабылданған жағдайда, яғни референдум арқылы қабылданған жағдайда мүмкін. Мысалы, қазіргі Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995ж. 30 тамызда референдумда қабылданды.

Заң шығару бастамасы құқығына иеленуге кім құқылы? Бұндай құқықты иеленушілер конституцияда белгіленгендей өкілетті тұлғалар мен белгілі бір шеңбердегі органдарға берілген. Президенттік мемлекетте заң шығару құқығына парламент ие. Мысалы, осындай мемлекет қатарына АКШ пен Финляндияны жатқызуға болады. Парламенттік мемлекеттерде, яғни Германия мен Италияда заң шығару құқығына Парламент және Үкімет мүшелері құқылы. Ал бізде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61 бабының 1 тармағына сәйкес заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Республика Үкіметіне беріледі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады [3].

Парламент кей жағдайларда бір палаталы және екі палаталы болады. Бір палаталы парламенттер тікелей сайлау арқылы қалыптасады және өкілдердің құқықтық қағидатымен сипатталады. Ал екі палаталы парламенттер: қарапайым және күрделі болып бөлінеді. Қарапайым екі палаталы парламент жүйесінің бір палатасы (оны көбінесе төменгі деп атайды) көбінесе халықтың тікелей сайлауы арқылы қалыптасады. Қарапайым екі палаталы парламенттің екінші палатасы «өкілеттік принципі» қағидасы негізінде құрылады. Парламент құрылымы, әдетте, мемлекеттік құрылыс түрімен, халық санымен немесе белгілі бір елдердің тарихи дәстүрлерімен байланысты.

Мемлекеттік құрылысы федеративті түрдегі не халық саны 10 млн.-нан асатын мемлекеттер өз парламенттерін екі палаталы жүйеде (Канада, АҚШ, Австрия, Бельгия, Италия тағы басқ.), ал біртұтас мемлекеттер (Греция, Турция, Дания, Люксембург, Финляндия, Непал, Жаңа Зеландия, Швеция,Израиль) бір палаталы жүйеде құрады, бірақ бұл жерде заңды ережеден ауытқу да болуы ықтимал, себебі әуел баста парламенттерді құрудың дәстүрлі жүйесі қос палаталық жүйе болды. Тарихтан белгілі болғандай, жоғарғы палата ақсүйектер

өкілдігі үшін және буржуазия мен едәуір демократиялық бағытты ұстанған басқа да адамдар өкілдігінен тұратын төменгі палатаны тежеп отыру үшін енгізілген. Көптеген мемлекеттану ғалымдары, екінші палата парламенттің интегралды бөлігі ретінде аса қажет деп ұйғарды. Н. А. Богданова, біртұтас мемлекеттегі екінші палата парламенттегі күштер мен мүдделердің теңдігін сақтау, заң шығару билігін тежеу, заң жобаларымен мұқиятты жұмысты қамтамасыз ету үшін қажет деп есептейді [10, б.55]. Осы мәселе көптеген қазақстандық заңгер-ғалымдардың еңбектерінде де көтеріледі [11].

Билік бөлі қағидатының екінші тармағы – атқарушы билік. Атқарушы билікті, әдетте, Үкімет жүзеге асырады. Оның заң шығару билігінен айырмашылығы мемлекеттік басқару жүйесінде үнемі әрекет етіп тұрады және де қабылданған заңдар мен шешімдердің мемлекет территориясында жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Атқарушы биліктің жеке сала болып бөлінуі XYII ғасырдың аяғы XYII ғасырдың басына қарай жүзеге аса бастады. Бірақ билік бөлу тармағының заңды түрде қолданылуына 1787 жылы АҚШ конституциясының қабылдануы және 1789 жылы Францияда қабылданған «Адам және азамат құқықтарының» декларациясы және 1791 жылғы Конституциясы әсер етті. Президенттік басқару жүйесінде атқару билігінің басшысы Президент болып табылады. Мемлекеттегі тұтас биліктің атқарушы тармағының мәртебесі оның заң шығарушы органға тәуелсіздік жағдайымен ғана емес, сонымен қатар ол мемлекеттік құрылыс нысанына да байланысты болады: біртұтас, федеративті және конфедеративті.

Біздің мемлекет мемлекеттік құрылысының біртұтастығымен анықталады. Біртұтас мемлекет деп мемлекет және ұлттық мемлекет құрылысының біртұтас ажырағысыз үлгісін айтады және де мемлекет тек әкімшілік-аумақтық бөліністерге ғана бөлінеді. Мұндай мемлекеттер қатарына Великобритания, Франция, Италия және Қазақстан мемлекеттерін жатқызуға болады.

АҚШ президентінің негізгі функцияларын қарап шығайық. АҚШ-та президент барлық Америка халықтарының өкілі болып табылады және халық атынан сөйлейді. Басқа бірқатар мемлекеттерде монархтар атқаратын көптеген рәсімдерді орындайды. Президент Конгреспен қабылдаған заңдардың қолданылуына ғана жауапты емес, сонымен қатар заң шығарушылық өкілетінің көбісін иемденген. Конгресс атқарушы билікке заңдарды қолдану және оларға

түсінік беру бойынша өкілеттердің кең ауқымын берген. АҚШ конституциясы бойынша АҚШ президентіне заң шығару бастама құқығы берілмеген. Дегенмен, Президент тек қана мемлекет басшысы емес, сонымен қатар ол атқарушы биліктің де басшысы болып табылады. Ол заң шығарушы билік алдында жауапты емес, ол керісінше атқарушы билік пен заң шығарушы билікті байланыстырушы және қоғамдық құқықтық тәртіптің және заңдылықтың кепілі болып табылады.

Билік бөлу қағидаттары абсолюттік емес, олардың жүзеге асырылуы мемлекеттік құқық нысандарына, ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты, сонымен қатар, нақтылы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға байланысты болады. Тепе-тендік әрі тежемелік жүйелері әрбір мемлекеттік билік органдарының билігін тежейді және биліктің қандай да бір билік түрінің маңайында жиналуына кедергі жасайды. Бұл нормативтік механизмдер Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген. Осы бойынша биліктің үш тармағы бір жағынан бір-бірімен тығыз ынтымақтастықта, ал екінші жағынан тежемелік механизімнің болуы, яғни Конституцияда бекітілгендей бір-біріне қол сұқпаушылықтары, әрқайсысының дербес билікке иелік ететінін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚазКСР-ның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация – http://adilet.zan.kz

2. Монтескье Ш.Л. Избранные. – М., 1955

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы (7 қазан 1998 ж., 21 мамыр 2007 ж., 2 ақпан 2011ж., 10 наурыз 2017 ж. енгізілген өзгерістер және толықтырулармен) электрондық «Әділет» базасына сәйкес 16.11.2018 жылғы жағдай бойынша)

4. Қопабаев Ө.Қ. Шетелдердің конституциялық құқығы. – Алматы: «Жеті-Жарғы», 2008

5. Мухамеджанов Э. Б. Парламент Республики Казахстан и законодательные органы зарубежных стран (общие вопросы). — Алматы:

«Баспа», 2007, 80 б.

6. Локк Дж. Два трактата о правлении // Соч. В трех томах. Т.3. М.: Мысль, 1988

7. Конституции зарубежных государств / Сост. В. В. Маклаков. — М., 2006.

8. Крылова И. С. Парламент Великобритании // Парламенты мира. — М.: Интерпракс, 1991

9. Богданова Н. А. Конституционная право (Общая часть). Ч. 1. М., 2004

Байкенжина К.А-з.ғ.к., доцент.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті. Қазақстан
Дюсекина У.-магистрант
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті. Қазақстан

КІСІ ӨЛТІРУДІ ЖАСАҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ АНЫҚТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАКТИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕР

Жедел тактикалық әрекет деп тергеу үшін қызық болып көрінетін тұлғаларды, заттарды табу және басқа жағдайларды анықтау мақсатында жүзеге асырылатын ұйымдастыру, жедел іздестіру және басқа шаралар жүйесі танылады. Жедел тактикалық әрекеттер заң әрекетіне, құбылыстардың өзара байланысына, негізделген, соған сәйкес кез келген материалды процесс қалай болғанда да сонымен байланысты процестермен басқа материалдарда бейнеленеді. Сол себептен, осы топтың объектілері айналадағы шындықта өз бейнесін табады. Осы топтың тікелей қатысы болуы мүмкін тұлғаларды, заттарды және басқа мәліметтерді іздеуді қамтамасыз етуге тиісті. Осындай объектілер санын алдын ала анықтау мүмкін емес, өйткені әр нақты жағдайда олар қылмысты дайындау немесе жасау жағдайларын сипаттайтын дара белгілеріне байланысты. Тәжірибе жүзінде айқын емес кісі өлтірулер бойынша қылмыскерді іздестіру ақпарат таситын көздердің топталуына байланысты екі бағыт бойынша құрылады.

Бірінші жағдайда криминалдық оқиғаны (қылмысты жасау әдісін, оқиға болған жерді тексеру мәліметтерін, тергеу және т.б. зерттеу) зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер, екіншісінде -құрбанның жүріс-тұрысын талдау және зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер (жәбірленушінің айналасындағыларды, таныстар шеңберін зерттеу және мүмкін жанжал қатынастарды анықтау).

Осы жерде іздестіру әрекеттердің әдісін де анықтау керек: іс жүргізу (тергеу әрекеттерін жүргізу); іс жүргізу емес (ұйымдастыру, жедел және басқа әрекеттер). Жалдау арқылы жасалған кісі өлтірулерді ашу және тергеудің өз ерекшеліктері бар. Олар қылмысты дайындау мен жасауды мұқият ұйымдастыруымен, сондай-ақ оны жүзеге асыруында қатысқан белгілі тұлғалар (тапсырыс беруші, делдал, орнydаушы, көмектесуші) шеңберіне байланысты.

Аталған қылмыс түрі бойынша қылмыскерді іздестіру қылмысты жасау механизмінің ерекшелігін және криминалдық оқиғаның алдындағы құрбанның жүріс-тұрысын зерттеу ерекшеліктерін есепке ала отырып жүргізу керек. Сонымен бірге, киллер қалдырған іздерін қысқарту үшін айтарлықтай шаралар қолданады және ол мен құрбанның арасында әдетте тікелей байланысы жоқтығын ескере отырып, «құрбан-тапсырыс беруші» буынынан қарай «тапсырыс беруші-киллер» буынын зерттеу кейбір авторлардың ойы бойынша жалдау арқылы кісі өлтіруді ашудың негізгі бағыты болып табылады [1,123б].

«Құрбан-тапсырыс беруші» буынын зерттеу қылмыскерді іздестірудің негізгі бағыты болып табылады деген аталған құралдың авторлар пікірімен келіспейміз. Жалдау арқылы кісі өлтіру туралы істер бойынша терең зерттеуден дәл осы көрсетілген буын өтетіні даусыз, бірақ тәжірибеде жалдау арқылы кісі өлтірулердің басқа бағыттарын зерттеп ашылған жағдайларда аз емес. Біздің ойымызша, кез келген басқа қылмыс сияқты жалдау арқылы кісі өлтіруді ашу барлық бағыттар бойынша тың деректер мен жағдайларын зерттеуінде құрылуға тиіс және «ең бастысы - қалай да болса ізге түсіретін, жасалған істің құпиясын ашуға «кілт» беретін ақпарат көзін тез табу және одан әрі қылмыскерге шығу».

Жоғарыда айтылғандай, қылмыстың бұл түрі жасау механизмінде де, қылмыс іздерін жасыруында да ерекше ойластырылған, сондай-ақ әдетте орындаушы жәбірленушінің таныстар шеңберіне жатпайды, көптеген жағдайларда тапсырыс берушімен тікелей байланысы жоқ және делдалдар арқылы әрекет етеді. Осыған сәйкес тәжірибемен қалыптастырылған жәбірленушінің тұлғасы мен қатынас байланыстарын қылмыскердің тұлғасына дейінгі кесте үнемі қажетті нәтиже бере алмайды. Біздің ойымызша, қарастырылып отырған істер түрі бойынша қылмыскерлерді іздестіру бұдан кеңірек кесте бойынша жүзеге асырылуына тиісті. Тергеу тәжірибесі, сондай-ақ қылмыстың аталған түрі бойынша қылмыстық істерге криминалистік сипаттамасының элементтеріне сәйке қылмыскерді іздестіру және анықтаудың негізгі бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді. Осындай элементтер болып келесілер табылады: қылмысты жасау әдісі; қылмыскердің немесе қылмыскерлердің тұлғасы, қылмыстың құрбаны, қылмыс құралы мен жабдығы, материалдық іздер. Жалдау арқылы кісі өлтірудің атап өтілген криминалистік сипаттамасының элементтерін есепке ала отырып қылмыскерлерді іздестіру келесі негізгі бағыттар бойынша құрылуға тиісті:

-куәгерлердің, куәлардың хабарламалары бойынша кісі өлтірудің орындаушыларын іздестіру және анықтау;

-материалды-бекітілген іздер бойынша кісі өлтірудің орындаушысын іздестіру және анықтау;

-қылмысты жасау әдісі бойынша орындаушыны іздестіру және анықтау;

-қылмысты жасау барысында қылмыскерлермен қолданылған көлік құралдарын іздестіру және анықтау ;

-қылмыс құралынан орындаушыға дейін кестесі бойынша іздестіру;

-жәбірленушіден жалдаушыға дейін кестесі бойынша іздестіру;

-басқа бағыттар бойынша іздестіру.

Көрсетілген тактикалық операцияның тиімділігі барлық шараларды дұрыс жоспарлап, тергеуге қатысушылардың қызметін нақты үлестіруіне байланысты болады. «Қылмыскерді іздестіру және анықтау» тобы бойынша әр тактикалық операцияларындың бағытын жан-жақты қарастырып шығайық.

Куәгерлердің, куәлардың хабарламалары бойынша кісі өлтірудің орындаушыларын іздестіру және анықтау.Орындаушыны анықтау аса қиын міндет екенін есепке алсақ, оны шешу оқиға болған жерді тексеру барысында және куәлардың хабарламаларынан алынған мәліметтерге негізделген әрекеттер кешеніні орындауды талап етеді. Бұндай жағдайда іздестіру шараларды өткізудің бастапқы кезеңіндегі ақпараттың белгісіздігінің жоғары дәрежесімен сипатталуы керек [2, 144-146бб].

Қылмысты ашу үшін қажетті ақпаратты алу мақсатымен азаматтардан жауап алу. Осындай мақсатпен жедел қызметкерлерімен және учаскелік инспекторларымен оқиға болған жерде де, оған іргелес аймақтарда да үй-үйді (пәтер-пәтерді) аралау ұйымдастырылады. Зерттелген қылмыстық істердің көрсеткіші бойынша осындай шаралар кісі өлтірудің барлық жағдайларында жүргізілген. Тұрғын секторын аралау тиімділігі шағын аудан, учаске, орам тұрғындарының барынша көп санын әңгімеге тартуына байланысты.Үй-үйді (пәтер-пәтерді) аралауды өткізуге қойылатын басқа маңызды талаптардың бірі орындаушыларды анықтауға жататын мәселелер шеңбері туралы мұқият жөн-жоба беру болып табылады. Бұл әсіресе аралауды жүргізу үшін жедел емес қызметтер мен бөлімшелер қызметкерлері тартылған жағдайлары үшін қажет.

Олар үшін анықтауға жататын жағдайлар шеңбері көрсетілген арнайы сауалнамалар (ақпаратты жинау бағдарламасын) дайындау жөн болады.

Былайша айтқанда, осы қылмыс түрінің ерекшелігіне сүйенсек, жұмылдырылған адамдар саны айтарлықтай көп болу керек. Аралап сауалнама жүргізу жеріне тек қана тұрғын үйлер ғана емес, сондай-ақ кәсіпорын объектілері, әр түрлі жағдайлармен осы жерде болған азаматтар (аула сыпырушылар, автотұрақ, кафе, дүкен қызметкерлері, автокөлік жүргізушілері, және т.б. Қажетті деп танылған ақпарат алынған жағдайда ол туралы тергеушіге баяндалады да сол тұлғадан тергеуші өзі немесе оның тапсырысы бойынша анықтау органының қызметкері жауап алады.Кісі өлтірудің орындаушысы (орнydаушылары) туралы маңызды мәліметтерді куәгерлерден жауап алу барысында және үй-үйді, пәтер-пәтерді аралауды өткізу барысында алуға болады.

Жедел қызметкерлер оқиға болған жерде қылмыскердің белгілері туралы мәліметтерді алғаннан кейін «ізін суытпай» ұстау мақсатымен куәгерлермен бірлесіп қылмыс жасалған ауданды «сүзіп шығуды» бастау керек және ішкі істер органдарының басқа бөлімшелеріне іздестіру сипатты шаралар қолдану туралы бағыт көрсету, сілтелген бағыттардың мазмұны, жасалған қылмыстың жағдайлары, қылмыскерлердің саны мен олардың белгілері, қолданған қару туралы мәліметтердің қысқаша мазмұндамаларын кірістіруге тиісті деп тұжырымдайды көптеген заңгерлер [3, 211б]. Бұл пікірмен бізде келісеміз, өйткені қылмыс ізін суытпай жүргізілген әрбір әрекеттің белгілі бір нәтижеге жетуге септігін тгізері анық. Кісі өлтірудің орындаушысын іздестіру куәгерлердің айтуы бойынша жасалған субъективті портреті бойынша жүзеге асырылуға тиісті. Портретті дайындау бойынша жұмыс куәгерлермен кідірмей жүргізу керек, ал кейін қажетіне қарай түзетулер енгізілуі тиісті.

Субъективті портрет криминалистік бөлімшелердің қызметкерлерімен куәгерлердің айтуы бойынша жасалады және бағыт сілтеуші ақпарат ретінде тиісті қызметтерге жолданады (жол полициясы, ведомстводан тыс күзет, патрульді-постылық қызметтері, полицияның учаскелік инспекторлары және т.б). Субъективтік портреті бойынша қылмыскердің тұлғасын анықтауға бұқаралық ақпарат құралдары да жағдай жасайды, атап айтқанда бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде теледидардың мүмкіндігін толықтай пайдалану сияқты. Кісі өлтірудің орындаушыларының сыртқы кейіпі туралы алынған

мәліметтер субъективті портреттер картотекасы бойынша міндетті түрде тексерілуі керек:

-барлық қылмыс түрлері бойынша;

-қылмыстың нақты түрі бойынша;

Өкінішке орай, қазіргі таңда біздің республикамызда жалдау арқылы кісі өлтірулер бойынша қылмыс жасаудың өзіне тән әдістері, қылмыскерлердің белгілері, қаруды қолдану іздері және қару туралы жүйеленген бірыңғай мәліметтер жоқ, әрине болған жағдайда қылмыстың түрін ашу және тергеу барысында ұтымды көмек көрсетер еді.

Материалды-тіркелген іздер бойынша кісі өлтірудің орындаушысын іздестіру және анықтау. Оқиға болған жерді тексеру барысында табылған материалды-тіркелген іздер бойынша орындаушының тұлғасы туралы ақпарат алуға болады. Оқиға болған жерді тексеру барысында табылған оқ, гильза және патрондар басқа қылмысты жасау барысында қылмыскерлермен бір қаруды қолданылған деректі анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Осындай мақсатпен аталған оқ пен гильзалар облыстардың тиісті ІІБ ашылмаған қылмыстар бойынша оқиға болған жерінен табылған және алынған оқ пен гильзалардың криминалистік есепке алулары бойынша міндетті түрде тексерілуі керек.

Оқиға болған жерде табылған қол іздері бойынша бұрын сотталған, соның ішінде ұқсас қылмыстар үшін есепке алу бойынша, сондай-ақ ҚІІБ, ІІБ, КІІБ, ҚР ІІМ СКБ жедел криминалистік бөлімшелерінде жатқан ашылмаған қылмыстар жерінен алынған қол іздерін дактилоскопиялық есепке алу бойынша тексеру жүзеге асырылады, қылмыстың ауыр түрлері бойынша ұқсас есепке алуы бойынша тексеріледі. Оқиға болған жерге тексеріс жасау барысында алынған қол іздерін теңестіру бойынша мәселені шешу сараптамаға жіберіледі және оңды нәтиже алынған жағдайда жоғарыда аталған есепке алулар бойынша тексеріледі. Оқиға болған жерлерде табылған аяқ киім іздері қылмыскерді мақсатты іздестіру, әр түрлі тұлғалардың қылмысқа қатысын тексеру үшін қажет орындаушының жеке ерекшеліктеріне (бойы, салмағы, жүру ерекшелігі) сілтеу мүмкін. Бұдан былай күдіктіні анықтау барысында табылған аяқ киім іздері бойынша сараптық зерттеу көмегі барысында теңестіру сипатты мәселелерді шешуге болады.

Сондай-ақ, оқиға болған жерде табылған темекі тұқылын да қылмыскерді іздестіру үшін пайдалануға болады. Қалдырып кеткен темекі тұқылы бойынша қылмыскерлер шылым шегуші адамдар екенін ғана емес, сонымен қоса шылымның белгілі маркаларын жақтайтынын болжауға болады. Бұл мәліметтер кісі өлтіруді жасаған күдіктілердің шеңберін тарылтуға себептеседі. Автокөлік құралдарының іздері де іздестіру объектісі болып табылады. Оларды тауып алып, шиналарының түрін, маркасын анықтағаннан кейін кісі өлтіруді жасау үшін қылмыскерлер пайдаланған автокөлік маркасын үлкен ықтималдылығымен анықтауға болады. ІІМ жедел-криминалистік бөлімшелерінде бұндай іздер іздер картотекасы мен коллекциясы бойынша тексеріледі.

Оқиға болған жерде иісі бар іздер табылған жағдайда бұдан әрі қызметтік іздестіру иті пайдалану арқылы тұлғаларды іріктеуді жүргізу ұсынылады. Әрине, көрсетілген әрекет жедел-іздестіру сипатты болғандықтан дәлел болып табыла алмайды, дегенмен, алынған нәтижелер тергеудің кейінгі бағытын анықтау мүмкін деп тұжырымдайды А.О.Шакенов[4,12б].

Қылмысты жасау әдісі қылмыстық нәтижеге әкеліп соқтыратын қылмыскермен белгілі реттілікпен жасалатын әрекеттердің кешенін білдіреді. [5, 76б.].Қылмысты жасау әдісі туралы мәліметтердің дәлелдеуде маңызы бар болғандықтан қылмысты жасаған тұлғаны анықтау үшін қажетті жеке ақпараттың материалы болып саналады. Кісі өлтірудің орындаушысын іздестіру қылмыстық істерді, соның ішінде ұқсас әдіспен жасалған ашылмаған және тоқтатып қойған қылмыстарды толық зерттеу және талдау жасаумен қабаттасу керек. Оның үстіне қылмыстық істерге талдау жасау жеке алынған өңірде ғана емес, сонымен қоса Қазақстанның басқа және жақын шетелдегі (Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және т.б.) өңірлерде де жүргізілуі керек. Қастықпен әдейі өлтірулерді тергеу тәжірибесінде осы әдіс жеткілікті тиімді болып табылады және В.А.Образцов пен В.В.Донцов айтқандай: «тергеліп отырған қылмыс және кейбір ашылмаған қылмыстар бір адаммен жасалғандығын, оның ішінде жасау әдісі бойынша анықтау әр түрлі істер туралы бар ақпаратты есепке ала отырып қылмыстың тұлғасы, оның қылықтары, мүмкін болатын тұрғылықты жерінің, жұмыс орнының ауданы, басқа жағдайлары туралы толық түсінік алуға мүмкіндік береді. Бұл әр түрлі тергеу-жедел, соның ішінде қылмыскерді ұстауға бағытталған шаралар кешенін тиімді жүргізуге ықпал етеді» [6, 99-101бб].

Қылмысты жасау барысында қылмыскерлер пайдаланылған көлік құралдарын іздестіру және анықтау.Тергеу тәжірибесіне талдау жасау арқылы қарастырылып отырған қылмыстарды жасау барысында қылмыскерлердің, олардың туыстарының және таныстарының жеке көлігімен қатар айдап әкетілген көліктер де пайдаланатыны дәлелденді. Көлік құралы қылмыс жасалған жерінен тез және көзге түспей кету қажеттілігіне байланысты қолданылады. Оқиға болған жерде қалған іздер, сондай-ақ куәлардың жауабынан көлік құралдарының белгілері туралы пікір түюге болады. Куәлардан жауап алу барысында көліктің мемлекеттік нышандарын, оны іздеу үшін қажетті жеке ерекшеліктерін, түрін, маркасын және түсін анықтап алу керек. Қылмыскерлердің көлік арқылы көзден ғайып болған бағыты анықталады.

Қылмыскерлер көлік қолданғаны туралы мәліметтер алынған жағдайда басқа жерге қоныс аудару және қосымша посттар қою үшін оның қозғалыс маршруты туралы мәліметтер кезекші бөлімшеге хабарланады. Іздестіру белгілері жол полиция, ППС топтарына, азаматтық қызметтердің радиоландырылған автокөліктеріне жеткізіледі. Ақпарат көрші ішкі істер органдарына да жеткізіледі. Қылмыскерлер мен автокөлікті іздестіруге қосу үшін кісі өлтіру ауданынан келуі мүмкін негізгі тораптарында бөгеуші посттарды қоюдан басқа учаскелік инспекторлар, ППС қызметкерлерінің олар қызмет көрсететін аймақта іздестіруді кідіртпей ұйымдастыру үшін мақсатты бағыттау керек.

Автокөлікті қылмыс жасау барысында пайдалануы қылмыскерлердің машинаның құрылғысымен оны жүргізу туралы білімі бар екендігін білдіреді. Бұл оларды іздестіру үшін тұлғалар шеңберін көрсетуі мүмкін. Көлік құралдарын тексеру барысында автомашинаның иесі, осы сәтте қайда болғаны, қылмысты жасау күні, автомашина пайдаланылуы, пайдаланылса кіммен және қандай мақсатпен, машинаны қайта бояу мүмкіндігі, нөмірі немесе оның басқа бөліктерінің ауыстырылуы т.б. жағдайлар анықталады.

Жәбірленушіден жалданушыға жеке кісі өлтірудің делдалы бойынша іздестіру.Кісі өлтірудегі жалдаушыны іздестіру, ал кейін орындаушыны табу барысында басты бағыт болып жәбірленушінің таныстық байланыстарын анықтау және қылмысты жасау себебі анықталады. Дәл осындай кісі өлтіруді ашу үшін тергеуші мен құрбанмен оның айналасындағылар арасындағы қарым-қатынас туралы толық ақпаратты алудың маңызы зор, себебі жалдау арқылы кііс

өлтірулердің тән ерекшеліктері жалдаушы мен құрбанның арасындағы тығыз (іскерлік немесе тұрмыстық) қарым-қатынастар болып табылады. Осындай жағдайда жәбірленуші мен оның жақын таныстары немесе керісінше онымен жаңа таныстары арасындағы байланыстарының үзілуіне ерекше назар аудару керек. Демек, жәбірленушінің айналасынан кісі өлтіруге тапсырыс берушіні іздестіру- бұл біріншіден өлтірілген адамның тұлғасын зерттеу, оның айналасындағыларды анықтау және осы ортадағы өзара қатынастар мазмұнын анықтау керек, содан кейін нақты күдіктілерге «шығуға» болады. «Жәбірленуші өмірінің соңғы кезеңіндегі барлық жағдайлар кезегінің хронологиялық реттілігін анықтау ерекше маңызды болды. Ал, ол оның іс-сапарларының нақты бағыттарын, шешілген мәселелерінің, өмірінің соңғы күндерінде болған нақты жерлерін, осы кезеңінде онымен кездескен тұлғаларды анықтауын талап етеді»[7, 56б] Содан кейін болжап отырған қылмысты жасау алдында және содан кейін жалдаушы тұлғасын асқан дәлдікпен зерттеуді өткізу керек.

Көптеген жағдайларды тергеліп отырған қылмыстың криминалистік аспектінде дұрыс шешім қабылдауында осындау мәліметтер маңызды, ал көрсетілген істер түрі бойынша шешуші рөл атқарады. Іздестіру жұмысын ұйымдастыру және қылмыстық іс бойынша дәлелдеу мәніне кіретін әр түрлі жағдайларды анықтау барысында бұл мәліметтер маңызды бағыт көрсетуі мүмкін. Қылмыстың жеке түрін ашу тактикасы мен әдіс мәселесі криминалистік әдебиетте кең түсіндірілген, бірақ, жәбірленушінің тұлғасы туралы мәліметтер осындай мақсатпен басқа виктимиологиялық ақпаратты қолдану мәселелеріне осы күнге дейін тиісті мән берілген жоқ, бірақ іс бойынша объективті шындықты анықтау бойынша қылмыс құрбаны және оның жүріс-тұрысы туралы мәліметтерге іскерлікпен талдау жасау айтарлықтай тергеушінің жұмысын жеңілдететіні әбден айқын.

Осыған орай, кісі өлтіру туралы істер бойынша жәбірленушінің тұлғасын зерттеу мәселелер туралы сөз қозғалған М.П.Слиньконың, Г.Н.Мудьюгиннің еңбектерін атап өту керек. М.П.Слинько «тапсырысты» кісі өлтіруінде жиі кездесетін себептер түрлерін келтіреді, олардың ішінде келесілерді атап айтады:

-нақты жанжалды жағдайды шешу тілегі (мысалы, қарызды, несиені қайтару ықыласының жоқтығы, коммерциялық бәсекелесті немесе қылмыстық әрекеттегі бәсекелесті жою және т.б.);

-құрылымның қызметін қылмыскерлерге ұтымды шарттарына қайта бағыттау мақсатымен ұйымның «қыңыр» басшысын жою (немесе қылмыстық ортада ұқсас мәселелер) [8,193 б.].

Бірінші және екінші жағдайда да кісі өлтіру алдында келіссөз өткізу, сөзбен болса да, әрекетпен де және т. б. қорқыту арқылы жанжалды жағдайды шешуге бағытталған белгілі әрекеттер жасалады. Сонымен, бастысы жәбірленуші мен басқа адамдар (тұлғалар) арасында болған жанжалды қатынастар, сондай-ақ жәбірленуші, оның жақын туыстарының атына келген (түскен) қорқыту сияқты болған жағдайларды анықтау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.П. Бахин., Б.З. Байжасаров., М.Ч. Когамов. Методика расследования заказных убийств. Алматы. 2010.

2. Т.А.Кулибаев. Расследование и предупреждение убийств, совершаемых по найму. Автореф. дис. .. канд. юрид. наук. Алматы. 2007

3.Т.Т.Кельмембетов. Организация и тактика раскрытия убийств, совершенных по найму (по материалам РК) Автореф. дис... канд. юрид. наук. Алматы. 2010.

4.А.О.Шакенов. Убийства по найму: криминалистическая характеристика и методика расследования.Караганда.2007

5.Е.Б.Берлібаев. Заказные убийства как вид преступного предпринимательства. Криминологический анализ. Астана.2007.

6. В.А.Образцов., В.В.Донцов. Криминалистическая характеристика убийств, совершенных по найму. М:2008.

7. Р.С.Белкин. Вопросы тактики проведения осмотра места происшествия по делам об убийствах по найму.М. 2006.

8. М.П.Слинько., Г.Н.Мудьюгин. Проблемы квалификации и регламентации ответственности за убийство но найму. Ростав на-Дону.2009

Байкенжина К.А.-з.ғ.к., доцент
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті. Қазақстан
Қали А.А.-магистрант.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті. Қазақстан

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ МҮЛІКТІК ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

Кеңес мемлекетінің алғашқы жылдарында кәмелетке толмағандардың мүліктік қылмысының себептері туралы зерттеушілердің пікірлері бір тектес болды. Кей авторлар кәмелетке толмағандардың мүліктік қылмыстарын сол кезеңнің әлеуметтік шындығы ретінде қарастырып, оның детерминанты ретінде қоғамдық-экономикалық шарттарды таныды. Олар оның жақын себептеріне кедейлік, мәдениетсіздік, жұмыссыздық, маскүнемдік, отбасылық қиындықтары және ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеуге қабілетсіздігін жатқызды. В.И.Куфаев-«Балалар мұндай өмір сүру жағдайларының әсеріне түскенде, қақтығыстардың болмауы мүмкін емес, себебі баланың қалай дамып келе жатқаны өзіне, мүдделеріне, қажеттіліктеріне және өзіндік қанағаттануына назар аударуды қажет етеді» – деп жазды.

Баланың қажеттілігіне жауап бермейтін отбасылық кедейлік кезінде, отбасындағы келеңсіз жағдайларда, балалардың мүдделеріне назар аудармау, балалардың бос уақытын әсерлі, мазмұнды ұйымдастырмағанда олардың қызығушылықтары қанағаттанбайды. Мұндай ортада бала тоқтамайды..., кәмелетке толмаған бала отбасынан көбірек теріс әсерге ие, ұйымдастырылмаған ортаға кетеді» [1,3-4бб]. Басқалары, керісінше, мүліктік қылмыстардың екі шығу тамыры бар деп есептейді: бірі қылмыскердің жеке басында және оның құрылымдық ерекшеліктерінде жатыр десе, ал екіншісі осы жеке тұлға үшін сыртқы фактілерден тұрады дейді.

Соңғы отыз жыл бойы (кейінгі XX ғ. 50-ші ж. аяғына дейін), кеңестік қылмыстық-құқықтық және криминологиялық ойлауды саясиландыру кезінде, мүліктік қылмыс, соның ішінде кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын түсіндіру тек субъективті факторлармен ғана аталды, нақтырақ айтқанда, бұл адам санасында сақталған адал меншік иесі моралі мен адамгершілік болды.

Әрине, мұндай біржақты күрделі криминологиялық проблемаларды түсіну - ғылым үшін қанағаттанғысыз болар еді.

Бұл ретте авторлар атап өткендей, кәмелетке толмағандардың қылмыстық мінез-құлық өздігінен туындамайды, ол белгілі бір ортада адамдармен араласу кезінде пайда болған, қалыптасқан құбылыс. Кейінгі кеңестік криминологиялық жарияланымдарда авторлардың пікірлері екіге бөлінді. Олардың кейбірі кәмелетке толмағандардың мүліктік қылмыстарының себебін қоғамдық, топтық және жеке сана ақауларынан болады десе, басқалары -қылмыс жасауға пайдакүнемдік ниетті туындататын объективті факторларды санады. Үшіншілері кәмелетке толмағандардың мүліктік қылмыстарының себептерін қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық қайшылықтарға жатқызды [2.24б.].Бұл ретте зерттеушілер күрделі себептілік кешенін әр түрлі саралады. Бір авторлар объективті себептер, олардың пікірінше қоғамдық болмыстағы, адамдардың экономикалық және әлеуметтік қатынастарындағы нақты қарама-қайшылықтар; және қылмыстар жасаған тұлғалардың қажеттіліктері бұрмаланған тобының көрінісін беретін әлеуметтік психологиядағы белгілі бір элементтерін білдіретін субъективті болып табылады. Басқалары бірінші кезектегі себептерді, яғни қоғамдық-психологиялықты (қоғамдық сана ақаулары) жатқызды, ал келесілері-екінші ретте қоғамдық дамудың объективті қарама-қайшылықтар мен олқылықтарын; қоғамдық сана арқылы қылмысқа жанама әсер ететін себептер мен барлық өзге де мән-жайларды санады.

Сонымен қатар, сол уақыттағы ғылымда меншікке қарсы қылмыстардың себептері ретінде жаппай бұқаралық әлеуметтік құбылыстар ретінде және бірлі-жарым мүліктік қол сұғу себептерінің түрі ретінде нақты құбылыстарды қабылдады. Соның ішінде соңғы зерттеушілер субъективті себептерді жеке тұлғалардың қоғамға қарсы қасиеттерінен бөліп қарады, ал объективті себебін адамның теріс адамгершілік-психологиялық қасиеттерін қалыптастыратын мән-жайлардан («адам бойында адамгершілікті қалыптастырудағы қолайсыз шарттар») анықтады.

Сондай-ақ, қазіргі заманғы криминологиялық әдебиеттерде кәмелетке толмағандардың мүліктік қылмыстарының себептерін түсінуге бірыңғай тәсіл жоқ. Авторлардың бір тобы кәмелетке толмағандардың мүліктік қылмыс себептеріне дәстүрлі (классикалық), яғни қылмыстылыққа ықпал ететін

жағдайды жатқызады. Кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы мінез-құлықты мән-жайлары А.А.Миндагуловтың жалпы редакциясымен басқарған криминология оқулығында 59 пункттен тұратын тізбесімен ұсынылды. Берілген тізіммен келісе қою қиын, біздің ойымызша, кәмелетке толмағандардың қылмыстық мінез-құлқының шынайы себептері мен жағдайларынан гөрі, белгілі бір дәрежеде қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, саяси процестерге әсер ететінін назарға алуға болады.

Біздің ойымызша, кәмелетке толмағандардың жасайтын мүліктік қылмыстарын зерттегенде қылмыстыққа бастайтын әлеуметтік құбылыстарды ғана атап өтпей, соны туындататын, соған қоса қылмыстың болуын жеңілдететін немесе ауырлататын шарттарының жиынтығын құраушы мемлекет пен қоғам өмірінің нақты тарихи құбылыстарын анықтау қажет [3, 19-б.].Сондықтан біз белгілі бір жағдайлар арасындағы байланыста бір кезде болған құбылыс (себеп), басқа бір жағдайдағы құбылыс (салдар) туындатады деген авторлардың пікіріне қосыламыз.Кәмелетке толмағандардың жасайтын мүліктік қылмысының өмір сүруін қазіргі зерттеушілер түсіндіруде өткен жылдардың зерттеушілері сияқты тек бірдей терминдерді атап қана қоймай, қылмыстылықтың себептерін (детерминанты) түрліше жіктеу үшін әр түрлі критерийлер (негіздер) ұсынатындығын айта кету керек[4,45-47бб].

Қазіргі заманғы криминологтардың пікірлеріне шолу жасағанда олардың көзқарастары әр алуан болғанымен, кәмелетке толмағандардың жасайтын мүліктік қылмыстарының себептерінің туындауын түсіндіру кезінде барлық авторлар оларды белгілі бір «сыртқы» (адамға тәуелді емес «әлеуметтік», «объективті») және «ішкі» («жеке», «субъективті») құбылыстардан, үрдістерден және қарама-қайшылықтардан көреді.

Бұл ретте зерттеушілер бірауыздан себептер өзінің әрекетін әр түрлі деңгейде танытатындығын атайды, олар: қоғам деңгейінде, кәмелетке толмаған тұратын сол микроортада, қылмыскердің жеке басы деңгейінде. Біздің ойымызша, басқа пікір болуы мүмкін емес, өйткені мұндай қорытынды заңды түрде әлеуметтік ортада себепті байланыстың туындайтыны табиғи құбылыс. Басқаша айтқанда, субъективті түрі кәмелетке толмағанның жеке басын куәландыратын тіршілік процесінде және әлеуметтенуінде қоршаған ортада адамды бейнелеп, оған әлеуметтік түрде объективті жағдайлар әсер етеді.

Мүліктік қылмыстар - қылмыскердің жеке басын өзара іс-қимыл нәтижесімен байланыстыратын, оның жеке ерекшеліктеріне, әлеуметтік-психологиялық механизмі (қылмысты ынталандыру, жоспарлау және орындау) бар сыртқы объективті жағдайын білдіретін жеке қылмыстық акт. Кәмелетке толмағандардың жасайтын мүліктік қылмыстылықтары қылмыстық мінез-құлықтың бір түрі (типі) ретінде әлеуметтік құбылысты (жалпы әлеуметтік, жаппай) білдіреді. Нақты мүліктік қылмыстар- бұл жеке деңгейді (нақты қылмыскердің жеке мінез-құлық деңгейі) білдіретін категория.

Сондықтан, мүліктік қылмыстардың жасалу себептерін түсіндіру кезінде осы құбылыстардың пайда болу деңгейлерін ескеру қажет. Жеке мүліктік қылмыстардың себебін тұлғалық сипатқа ие екендігін сеніммен айтуға болады, бірақ олар сол қоғамда өмір сүретін нақты қылмыскердің бойында бар және дамыған объективті саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да қарама-қайшылықтарда көрініс табады. Н.Ф.Кузнецова - қылмыстың себептері мен шарттары жүйеленіп, экономикалық, саяси, құқықтық және тұрмыстық психология элементтерін қамтитын қылмыстылықтың жалпы себептері мен шарттарын құрайды -деп, әділ атап өтеді [5, 44-б.].

Осы айтылғандарды ескере отырып, кәмелетке толмағандардың жасайтын мүліктік қылмыстары жалпы әлеуметтік деңгейде себептер кешенінің жиынтығында болатындығын айту керек, бұл белгілі бір тарихи уақыт кезеңінде болатын қоғамдық өмірдің (экономикалық, әлеуметтік, мәдени (рухани-адамгершілік, құқықтық сипаттағы) нақты объективті қарама-қайшылықтарды жиынтығының кешені құралады. Осылар объективті себептер болып танылады.Субъективті себептер қазіргі қоғам мен адамның «тұтынушы» деп атауға болатын, бұрмаланған қажеттіліктері, мақсаттары, себептері, адамгершілік құндылықтары мен құқықтық санасында көрініс табатын, рухани құндылықтардан материалдық құндылықтардың үстемдігіне негізделген қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық құбылыста психологиялық ұғымымен қалыптастырылған объективті келеңсіз процестер болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың кез-келген жолмен, соның ішінде заңсыз әдісімен материалдық игіліктерге ие болуға ұмтылысын осы аталғандар қалыптастырады. Сондықтан кәмелетке толмағандардың жасайтын мүліктік қылмыстарының себептерін екі топқа бөлуге болады: жеке ерекшеліктерімен байланысты (субъективті себептері) және қоғамдық құрылымдардағы

кемшіліктерді көрсететін (объективті себептер). Кәмелетке толмағандардың мүліктік қылмыстарының объективті жағдайлары арасында кейбір жағдайларда объективті және субъективті себептердің әрекеттерін қолдайтын, ал кейбір жағдайларда әрекетті күшейтетін ұйымдастырушылық, құқықтық, техникалық тәртібінің кемшіліктерін атауға болады. Криминологияда субъективті жағдайлар қатарына дәстүрлі түрде демографиялық және уақыттың нақты тарихи кезеңіндегі халықтың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін (нақты уақыт кезеңінде халықты құрайтын адамдардың мінезі, темпераменті, жынысы, жасы) жатқызады.

Жеке деңгейде мүліктік қылмыстардың субъективті себептері мүліктік қылмыс себептерін туғызатын кәмелетке толмағанның жеке басындағы теріс адамгершілік-психологиялық қасиеттері болып табылады. Өз кезегінде, оларды объективті себептер қалыптастырады, яғни кәмелетке толмағанның негізгі тыныс-тіршілік салаларындағы нақты қарама-қайшылықтар, кемшіліктері: отбасы, оқу, еңбек және демалыс қызметі. Мүліктік қылмыстардың жасалуының негізгі шарттары деп, кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауға батылдығын тудыратын, жеңілдететін немесе ықпал ететін, сондай-ақ оның тәсілдері мен әдістерін таңдауға әсер ететін нақты өмірлік жағдайларды атауға болады. Қылмыс ретінде бір әрекетке қол жеткізуде оның себебін, мақсатын, құралдарын анықтауды қалыптастыру туралы әңгіме болғанда, ең алдымен мақсат мен шешім қабылдау кезеңдеріндегі себептердің әсер ету аясы танылады.

Зерттеу нәтижелері көптеген онжылдықтар бұрын анықтағандай кәмелетке толмағандардың жасайтын мүліктік қылмыстарының объективті себептері экономикалық және соның салдары ретінде қоғам өмірінің әлеуметтік салаларындағы жағымсыз құбылыстар болып қалуда екендігін көрсетеді. Олар кәмелетке толмаған мүліктік қылмыскерлер тұлғасын әлеуметтендіру процесіне тікелей әсер етеді Елімізде 1990-шы және 2000-жылдардың басында неғұрлым күрделі және терең әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар қамтыды. Сол кезеңдерде экономикалық, әлеуметтік-саяси және құндылықтар күйреуін бастан өткізген ескі социалистік жүйенің жаңа нарықтық экономика институттарына қарқынды көшу жүзеге асырылды.

Акция, жекешелендіру институты құрылды, кейінгі жылдары жеке меншік пен елдің экономикалық өсуі қарқынды ықпал етті. Сонымен қатар, 2001 ж. дейінгі қазақстандық экономикадағы түбегейлі өзгерістердің болуы

жұмыссыздық деңгейінің өсуі және өндірістің мүлтіксіз құлдырауымен, қысқартылуымен сипатталды. Осылайша, жалпы жұмыссыздар санындағы әйелдердің үлес салмағы шамамен 60%, еңбекке қабілетті жастағы ерлердің үлес салмағы-32% құрады. Кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу іс жүзінде мүлдем мүмкін болмады. Жалпы адамдардың материалдық және рухани игіліктерді тұтыну мүмкіндіктерін көрсететін тұрмыс деңгейі айтарлықтай төмендеді, оның ішінде, жұмысшыларға еңбекақыларын (әсіресе, бюджеттік салада), сондай-ақ халықтың әлеуметтік қорғалмаған бөліктеріне зейнетақылар мен жәрдемақыларын уақытында төлемеу орын алды.

1990 жылдың басынан 2000 дейін балалары бар отбасыларында нақты кірістері 20%-ға қысқарды, ал орташа алғанда, бүкіл халық арасында -13%-ға қысқарды. Тұтастай алғанда, бұл кезеңдегі дағдарыстар кезектескен сипатта болды, олар бүкіл қоғамның экономикалық және соның салдары ретінде әлеуметтік тұрғыдан ауыр түрде болды. Әлеуметтік зерттеулер нәтижесі бойынша 1990-шы жылдардың ортасынан халықтың елеулі бөлігі елдің ұжымдық қатынастарды өзара көмек капиталы қатынастарына ауыстыруы бұрынғы болған ең жағымсыз салдарға әкелді: ашық өзімшілдік, менмендік, «соғыста барлығы бір-біріне қарсы» деп есептеді. Бұл ретте, сұралған азаматтардың 24,6% адамдар арасындағы қалыптасып қалған қарым-қатынастың тым теріс бағасын беріп, оларды «қасқырлық», «арсыздық» қатынастар деп атаған (1983 ж. жүргізілген ұқсас сауалнамаға осындай қарым-қатынастар пайызы айтарлықтай төмен-13,7% болған) [6, 73-б.].

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, елімізде «жаңа кедейлер» деп аталатын бірегей санат-өзінің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігіне қарай бұрын әлемде ешқашан және еш жерде (дәрігерлер, педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер және т. б.) жоқ, жұмыс істейтін халықтың үлкен кедей топтары туындаған. Бұл ретте, сарапшылардың айтуынша елімізде халықтың жалпы санынан 20% деңгейінде үлесі кедейлер деп бағаланды. Олардың шамамен 30%-ын отбасында кәмелетке толмаған балалары бар тұрақты ақы төленетін жұмысты атқаратын еңбекке қабілетті азаматтар құраған. Дамыған елдерде еңбекке қабілетті азаматтардың жалпы санындағы кедейлікті анықтаудың жоғары деңгейі ең алдымен, еңбекке ақы төлеудің төрт есе төмен деңгейімен анықталады. Еліміздің тұрғындарының субъективті кедейлігі, яғни бұрынғы жағдайымен салыстырғанда басқа адамдардан өзінің қазіргі жағдайының

кірістері мен өмірлік жағдайы немесе өзінің меншіктік иеліктері жөнінде 80% астамы теріс пікір берген.

Бұл субъективті қабылданған «кедейшілік» қазақстандық отбасылардың материалдық қамтамасыз етілуінің төмендігіне әкеліп соқтырды. Тұтастай алғанда, екі бала бар отбасында екі жұмыс істейтін ата-аналары оларды асырау және қамтамасыз ету мүмкін еместігі «қалыпты» қазақстандық шындық жағдай болып танылды. Сондықтан экономикалық тұрғыда неғұрлым қорғалмаған санатты деп отбасының кәмелетке толмаған балалары бар, әсіресе, көп балалы және толық емес отбасылар танылды.

Мәселен, XXI ғасырдың бірінші онжылдығының соңында барлық қазақстандық отбасы санының жартысынан бөлігі төмен балалармен тұратыны отбасы табыс деңгейі ең төменгі күнкөріс (58,5%) мөлшерін құрады. 2016 жылды 2017 жылмен салыстырғанда аз қамтылған отбасылардың үй шаруасындағы үлес салмағы жалпы санынан 1,8%-ға өсіп, 64% құрады. Қалыптасқан «кедейлер» мен «байлар» арасындағы тепе-теңдік әлемдік қаржы дағдарысын (қазан 2008-2010 жж.) өзгертті. Қаржылық ресурстардың күрт қымбаттауы жағдайында өнеркәсіптің жалпы барлық салаларының тұрақсыздығы жаппай жұмыс орындарын қысқарту мен қызметкерлердің жаппай босап қалуына әкеп соққан. Кәмелетке толмағандардың жұмыссыздығы шамамен 97,2%, жетті, бұл орайда, жұмыссыздардың арасында жұмыспен қамту органдарында тіркелген мектеп бітірген тұлғалар 23,4% құрады, 26,2% - бастауыш кәсіби білім беру мекемелер, 35,1% - орта арнайы оқу орындарын бітіргендер құраған.

Осы орайда, А.А.Смагулов «кәмелетке толмағандардың қылмысқа бару себептерінің бірі ретінде - қолайсыз отбасын алуға болады, ол жұмыс істейтін отбасылық қатынастар саласындағы кешені жағымсыз факторлардың әлеуметке қарсы әсер ететін кәмелетке толмаған адамның жеке басы және оны қалыптастыру процесіне, қабілетті ұштастыра отырып, нақты өмірлік жағдайында қылмыстық мінез-құлыққа себепші болатынын білдіреді» - деп, атап өтті[6, 13-б.].

Зерттеу көрсеткендей, мүліктік қылмыстар жасаған кәмелетке толмағандары бар отбасында материалдық игіліктерге деген қатынастары әлдеқайда асыра бағаланған.Рухани және материалдық құндылықтардың арасындағы тепе-теңдік жағына соңғы кезде олардың арасында соңғысы басым болды: олар байлық және әлеуметтік жетістіктер. Сонымен қатар, мүліктік

қылмыстар жасайтын балалардың ата-аналарының басым көпшілігі (89%) олардың балаларының әл-ауқаты қажеттіліктерін материалдық нәрселермен қаншалықты қанағаттануына байланысты ойлайтын. Мұндай ата-аналар - «Менің балам ешбір нәрсеге мұқтаждық болуы тиіс емес», «ол басқа балалардан кем болмау тиіс» - деп, бекітті. Тек әрбір оныншы отбасы ғана балалардың әл-ауқаты отбасы ішілік қолайлы жағдайларға тікелей тәуелді деп пайымдады.

Зерттеулер көрсеткендей әдетте, ата-аналар кәмелетке толмағандардың жоғары материалдық қажеттіліктерін өздері қалыптастырады. Мәселен, қазірдің өзінде әрбір үшінші отбасында жасы 7-9 жас балаларға қымбат ұялы телефондарды ата-аналардың өздері сатып әперген; 11-13 жастағыларда - қазіргі заманғы өзге де байланыс құралдары (смартфон, планшет) және компьютерлік техникалар (ноутбук, ойын қондырғысы, және т.б.). Сондықтан балалардың қажеттіліктерін мұндай қисынсыз материалдық қанағаттандыру деп аталатын тұтынушылық тәрбиелеу олардың тарапынан негізсіз мүліктік үмітіне тағы «үлкен» негізсіз жоғары талаптарына сәйкес қажеттілікке әкеліп соқты.

А.Н.Ағыбаев атап өткендей, балалардың материалдық қажеттіліктерін қисынсыз қанағаттандыру, жеке игіліктер алуға деген ұмтылыстың жоқтығы, еңбекке барабар күш-жігерін жұмсамау, жақсылыққа мысал үшін еліктеу болмаған жағдайда, олардың бойында криминалдық стандарттар мен мінез-құлық үлгілерін меңгеруді нығайтады [7,118-119бб.]. Егер, бұрын балалы отбасылардың жалпы санынан отбасы балалардың қажеттілігіне негізсіз қажеттерін өтеу 75% құраса, біздің деректер бойынша олардың саны шамамен 90%-ға дейін жеткен.

Айта кету керек, отбасында беделді тұтынушылық өмірлік ұстанымдарды атағанда кейбір ата-аналардың өздері балаларының алдында материалдық табыстарды заңсыз алу тәсілін жасырған емес. Мұндай жолда алынған материалдық игіліктер кәмелетке толмағандардың алдында адал еңбекке қатынасы, заңға бағынштылық өмірдің маңыздылығы жойылып, рұқсат етілген мен рұқсат етілмегеннің (құқыққа қарсы) арасындағы мінез-құлқы шекарасын жойды. Бәлкім, сондықтан да болар, кәмелетке толмаған қылмыскерлердің (81%) басым бөлігі көп ақша табу үшін көп еңбектенудің қажеті жоқ; «жеңіл ақшаны» заңсыз жолымен де табуға болады деп санайды.

Зерттеулер көрсеткендей ата-аналардың отбасының материалдық жағдайын жақсартуға ұмтылуын қолдауы, сөзсіз олардың еңбек етіп, жұмыс

уақытының ұлғаюына әкеліп соқты. Мысалы, мүліктік қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың (72,8%) ата-аналарының жартысынан көбінде сегіз сағаттан асатын еңбек күніне созылған: оның ішінде 63,3%-ға дейіні сегіз-он сағат жұмыс істегендер, 12 сағат жұмыс істеді 21,5%, ал 12 сағаттан артық -15,2% жұмыс істеген. Бұл ретте, сұралған ата-аналардың 66,2%-ы демалыс күндері тұрақты жұмыс істеген.

Қауырт жұмыс кестесі сол ата-аналардың балаларға аз уақыт аударғанының нәтижесінде отбасы мүшелерінің бір-бірінен психологиялық тұрғыдан алшақтауға әкеліп соқтырды. Кәмелетке толмағандармен қарым-қатынастың өткір жетіспеушілігі және бақылаудың болмауы толық емес отбасыларда байқалып, соның себебі ата-анасының жүз пайыз еңбекке тартылуы болды. Көптеген кәмелетке толмағандардың (78,4%) айтуынша, ата-аналарымен тікелей «бетпе-бет» қарым-қатынастары тәулігіне екі сағаттан аспайтын болған, әрбір бесінші отбасында үш сағаттан сәл ғана астам болған. Оның ішінде кәмелетке толмағандардың айтуы бойынша уақыттың едәуір бөлігі әртүрлі мәселелер бойынша (әдетте, оқуда қанағаттанғысыз баға алғанына байланысты, үй шаруасы бойынша көмек бермеу мәселелері бойынша, «жаман компаниялармен» қарым-қатынас жөнінде және т. б.) «қатынастарды анықтауға» кеткен. Айта кету керек, тағы бір теріс салдары ата-аналардың шектен тыс жұмыс істеуі болып табылады, ол отбасындағы балалардың мінез-құлқын бақылауды, олардың үлгерімін және оқудан бос уақытында немен айналысатынын қадағалауды әлсіретеді. Зерттеу көрсеткендей, әрбір үшінші ата-ана (32,3%) іс жүзінде өз баласының оқу үлгеріміне назар аудармаған, ата-аналар жиналысына сирек қатысқан.

Бұл ата-аналардың күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайы саласындағы еңбек, жұмыс істеулері мен еңбек ақы төлеудің эмоциялық фоны отбасы ішілік қарым-қатынастарды өзгертеді. мүліктік қылмыскерлердің обасының көпшілігінде бұл жағдайлар қиын болды, себебі, осы қатынастар өз кезегінде отбасындағы психологиялық шиеленіске, қақтығыстарға, соның ішінде, отбасындағы зорлық-зомбылыққа әкелді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Куфаев В. И. Юные правонарушители. М., 1929

2.Алауханов Е.О Причины преступности несовершеннолетних в Казахстане и причины индивидуального преступного поведения.Астана, 2013.

3.А.М.Мауленова. Противодействие организованной преступности несовершеннолетних: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Алматы.., 2007

4.И.А.Коновалова. Причины и условия, способствующие совершению корыстных преступлений несовершеннолетними.М.2009.

5. Н.Ф.Кузнецова. Общественно опасные деяния (проступки), совершаемые лицами, не достигшими возраста уголовной ответственности (уголовно-правовые и криминологические аспекты): автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.08. М., 2012.

6.А.А.Смагулов. Причины и условия формирования групп несовершеннолетних, совершающих преступления с корыстной мотивацией Астана.2011.

7.А.Н.Ағыбаев. Правильное воспитание детей -основа предупреждения преступности несовершеннолетних.Алматы.2011.

Байкенжина К.А-з.ғ.к., доцент
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті. Қазақстан
Мажикенов Н.С.-магистрант
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті. Қазақстан

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ҚОҒАМ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫ

Қоғам мүшелері қаншама рет сыбайлас жемқорлық құбылысымен бетте-бет кездессе де, көп жағдайларда ондай қылмыспен қалай күрес жүргізуді, кімнен көмек сұрауды біле бермейтіндіктен, көптеген лауазым иелері олардың құқықтық білімдерінің таяздығыны өз мүдделеріне пайдаланып кетіп отырады. Осындай негіздерді басшылыққа ала отырып, қоғам мүшелеріне (20-30 жас аралығындағылар саны-30., 30-40 жастағылар саны-40., 40-50 жастағылар саны-20.,50-60 жас аралығындағылар саны-20,)көкейде жүрген бірнеше сұрақтар қойылған болатын. Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың таралу деңгейіне қатысты сұрақтың жауабы төмендегідей болды ?

Қоғам мүшелерінің пікірі бойынша (71,3)асыбайлас жемқорлықтың дамуы жоғары деңгейде. Сұралғандардың 20% сыбайлас жемқорлықтың кең етек алғандығын мәлімдесе, 51% сыбайлас жемқорлық құбылысы барлық құрылымдарда орын алған деп көрсеткен. Сұралғандардың тек 7,7% және 3,7% қоғамда сыбайлас жемқорлық құбылысы дамымаған немесе баяу дамыған деп көрсетсе, 17,6 % бұл құбылыс қаладан гөрі ауылдық жерде өте қатты дамыған деп жауап берген.

Жоғарыда келтірілген сұрақ бойынша жауап берген жастардың басым көпшілігі бұл құбылысқа үйреншікті құбылыс түрінде, яғни солай болуы керек деген көзқарасын білдірген, ал 18 бен 29 жас аралығындағы жауап бергендердің 26% бұл құбылыстың тек аудан, қала көлемінде ғана емес бүкіл Қазақстан көлемінде етек жайған құбылыс екендігін айтқан, ал қалған жауап берушілер56% сыбайлас жемқорлық құбылысы кең етек алып дамыған деп көрсеткен.

Келтірілген көрсеткіштер бұрынғы жылдармен салыстырғанда едәуір төмен екендігі байқалады, атап айтқанда, 2016 жылы сұралғандардың 83%

сыбайлас жемқорлықтың дамуы кең тараған және оның алдын алу мүмкіндігі өте төмен деп жауап берген болатын. Бүгінгі таңда өте кең тараған сыбайлас жемқорлықтың түрі бұл-парақорлық. Оған дәлел ретінде төменде келтірілген кестеге назар аударайық.

Кесте.Жемқорлықтың жасалу себебі.

Парақорлық	72,3%
Туыстығына қарай сұрақтарын шешуге әсер ету	35,0%
Лауазым иесінің қызмет бабын пайдаланып қандай да бір игіліктер мен артықшылықтарға ие болуы	34,3%
Конкурстар мен тендерлерде ұтысқа жетуге әсер ету	30,0%
Бюджеттік қаржыны пайдаланып кету	23,0%
Қорқытып алушылық	18,0%
Жауап беруге қиналамын	7,3%
Тағы да басқалар	0,3%

Келтірілген зерттеу нәтижесі бойынша жемқорлық құбылысының деңгейі қай жерде кең таралғандығына қорытынды жасайтын болсақ, сұралғандардың басым көпшілігі -42% елді мекендерге қарағанда, қалалық жерлерде кең етек алып отыр деп көрсеткен, ал сұралғандардың 41% сыбайлас жемқорлықтың деңгейі ауыл мен қалада бірдей деп көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары қай құрылымда көбірек етек алған деген сұрақтың жауабы төмендегідей болды.Сұралғандардың пікіріне сүйенсек, сыбайлас жемқорлық қылмысын өте көп жасайтын, яғни пара алатын құрылым бұл- жол полициясы қызметкерлері– 54%, медициналық мекеме қызметкерлері – 38%, білім беру мекемелері қызметкерлері– 28%, сот қызметкерлері, судьялар – 25%.

Сыбайлас жемқорлық құбылысы аз дамыған мекемелер мен құрылымдарға – мешіттер, діни бірлестіктер, үкіметтік емес мекемелер, саяси партиялар, БАҚ-– 2%, әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелері, архитектура және құрылыс– 3%, ХҚЕО, колониялар, тергеу изоляторлары – 5% жатқызылған. Егер, бұл көрсеткіштерді облыс орталығы тұрғындарының сұрау қорытындыларымен салыстыратын болсақ, онда, облыс тұрғындары да сыбайлас

жемқорлықтың кең дамыған құрылымы жол полициясы (71%), кеден және салық органдары (33%) екендігін көрсеткен.

Сондай-ақ, қала тұрғындары ауыл тұрғындарына қарағанда білім беру және денсаулық сақтау саласындағы жемқорлық құбылысына өте жиі шағымданатындығын басым түрде көрсеткен, біздің пайымдауымызша мұның басты себептерінің бірі облыс орталығында жоғарыда келтірілген мекемелер саны мен тұрғындар санының көптігі және олардың осы мекемелердің қызметтеріне жиі жүгінетіндіктен болуы керек [1,11-13бб].

Жалпы облыс көлемінде былтырғы жылғы жүргізілген зерттеу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлықтың ең кең етек алған орындары ретінде полиция (18%), білім беру мекемелері (13%), салық, әділет, сот органдары (12%), тіркеу жүргізіп арнайы лицензия беретін органдар мен қарулы күштер,армия (10%). Сыбайлас жемқорлық құбылысының ең аз тараған органдары ретінде: саяси партиялар (0%), үкіметтік емес органдар мен діни бірлестіктер (1%), БАҚ (2%), бизнес, жеке сектор (3%).

Қоғам мүшелерінің соңғы екі жылдағы зерттеу қорытындыларының нәтижелеріне талдау жасайтын болсақ, сыбайлас жемқорлық құбылысының кейбір түрлерінің санының артқандығын байқаймыз, атап айтқанда, білім беру мекемелерінде 13% -дан 28%-ға, сотта 12 % -дан 25 %,-ға, жекешеленген мекемелерде 3%-дан 8,4%.-ға дейін артқан., бұл әрине жақсы көрсеткіш емес, өйткені мемлекет тарапынан сыбайлас жемқорлық құбылысымен қанша күрес жүргізілгенімен де, оның оң нәтиже бермей отырғандығын көрсетеді.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық құбылысының «көшбасшысы» ретінде танылып отырған –жол полициясы қызметкерлері – сыбайлас жемқорлық құбылысымен жан-жақты күрес жүргізіп отырғандығы анық, атап айтқанда, көшелерде бейнекамералар орнатылып, айыппұл төлеу жол үстінде ұсталған жерде емес, арнайы кабинеттерде төлеуді жолға қойды десек те олардың өздерінің тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық құбылыстарының саны азаяр емес.

Екінші жағынан алып қарар болсақ, бұл құбылыстың азаймауына себепкер қоғам мүшелерінің өздері сияқты, өйткені кез келген құқық бұзушылық орын алған сәтте оның зардабынан келген зиянды заң жүзінде емес, керісінше заң талаптарын бұза отырып, яғни заң нормаларын айналып кетіп шешуге жол береміз[2,87б].

Бұл мәселе бойынша сұрақтарға жауап берген жастардың көбінің сыбайлас жемқорлық құбылысына деген көзқарастары басқаша екендігі байқалды. Оладың пікірі бойынша, сыбайлас жемқорлық құбылысының ең көп орын алған ортасы білім беру мекемелері, әсіресе жоғарғы және орта оқу орындары, бұл құбылыстар көбіне сессия кезінде орын алатындығын атап көрсеткен. Сондай-ақ, олардың пікірі бойынша, сыбайлас жемқорлық құбылысы, кеден органдарында (8,7%), жазасын өтеу мекемелерінде, тергеу изоляторларында (6%), салық органдарында (4,9 жиі жүзеге асырылады.

Кесте.2.Сыбайлас жемқорлық құбылыстары жиі орын алатын құрылымдар

Рет саны	Құрылымдар атауы	Пайыздық көрсеткіштері
1	Жол полициясы	54,2%
2	Медициналық мекемелер	37,8%
3.	Білім беру мекемелері	27,8%
4	Соттар	24,7%
5	Кеден органдары	19,1%
6	Салық органдары	15,4%
7	Прокуратура	12,4%
8	Маслихат (облыстық, қалалық, аудандық)	11,0%
9	Қозғалмайтын мүліктерді және жер теімдерін тіркеу органдары	10,4%
10	Әскери комиссариаттар	10,4%
11	Қаржы полициясы	8,7%
12	Жеке компанииялар мен мекемелер	8,4%
13	Қарулы күште, армия	8,0%
14	Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету полиция органдары	7,0%
15	СЭС	7,0%
16	Көші-қон полициясы	5,7%

17	Жазасын өтеу мекемелері, тергеу изоляторлары	5,4%
18	Халыққа қызмет көрсету орталықтары	4,7%
18	Әлеуметтік қызмет көрсету органдары	2,7%
19	Архитектура және құрылыс органдары	2,7%
20	БАҚ	2,3%
21	Үкіметтік емес мекемелер мен саяси партиялар	2,3%
22	Шіркеулер, діни қауымдастықтар	2,0%

Сонымен қатар, жауап берушілердің жартысынан көбі(44%) соңғы жылдарда өзінің де, отбасы мүшелерінің де шешімі табылмаған сұрақтар бойынша шешу үшін сыбайлас жемқорлыққа қатысты әрекеттердің жәбірленушісі болмағандығын, ондай сұрақтардың барлығы да ұзақ уақыт алса да заң жолымен шешілгендігін мәлімдеген.

Бұл көрсеткіш жауап берушілердің басым көпшілігінің жемқорлық құбылысы жайлы мәліметтерді өздері куә болған оқиғаларға қатысты емес, таныстарының, туысқандарының айтулары, БАҚ құралдарының мәлімдемелері бойынша көрсеткендері анық.

Сұралғандардың қалған 56% , пара беруге мәжбүр еткен қызмет көрсетуге тиісті лауазым иесінің тікелей өзі екендігін көрсеткен және бұл көрсеткіш барлығы 28% құрайды. Бұл көрсеткіштің 19% бойынша лауазым иелерінің сұраған материалдық сыйақысы төленген, тек, 9%-бойынша ғана азаматтар сыйақы төлеуден бас тартып, сұрақтарын заң жолымен шешкен. Пара беру арқылы мүдделерін жүзеге асыру үшін сыйақы беру туралы сұралғандардың 30% өздері ұсыныс жасағандығын айта келіп, лауазым иелерінің 6% сыйақы алудан бас тартып, өздері көмек көрсеткен.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, пара алушылар мен пара берушілердің сандық қатынастары бірдей және сыбайлас жемқорлық құбылысына ер азаматтарының көбірек қатысы бар екендігін байқадық, ал қала бойынша бұл құбылыстың объектісі 50-100.0 теңге орташа айлық жалақы алатын 50 жасқа дейінгі азаматтар мен азаматшалар, ал қызметтері бойынша көбінесе шағын кәсіпкерлер мен бюджет саласының қызметкерлері.

Кесте 3.Соңғы уақыт аралығында Сізге және Сіздің отбасы мүшелеріне Сіздердің жеке мүдделерінізге қатысты көрсеткен қызметтері үшін сыйақы төлеу қажеттілігі туатындай жағдай

Жоқ, ондай жағдай орын алған жоқ	44,0%
Көрсеткен қызметі үшін сыйақы беруді ұсынып, кейін сыйақыны бердік	24,3%
Лауазым иесінің өзі көрсеткен қызметі үшін сыйақы беруді талап еткен соң, сыйақы бердік	19,3%
Лауазым иесінің өзі көрсеткен қызметі үшін сыйақы беруді талап етті, бірақ біз сыйақы беруден бас тарттық	9,0%
Көрсеткен қызметі үшін сыйақы беруді ұсындық, бірақ лауазым иесі сыйақы алудан бас тартты.	6,0%

Сұралғандардың басым көпшілігі сыбайлас жемқорлық құбылысы бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлерінің көмегіне жүгінгісі келгендіктерін айтқан. (кесте. 4). Ал, жартысынан көбі (42%) осы құбылыс туралы Қылмыстық кодекс нормаларына жүгінсе, үштен бір бөлігі (34,4%) осы құбылысқа қатысты әкімшілік жауаптылық нормаларымен таныс екендігін көрсеткен. Ал, үштен бір бөлігі ҚР«Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заң нормалары бар екендігін, бірақ, оның мазмұнымен таныс емес екендігін айтқан [3].

Жоғарыда келтірілген мәліметтердің барлығы, қоғам мүшелерінің құқықтық білім деңгейлерінің төмен екендігін көрсетеді, сонымен қатар, көптеген азаматтар мен азаматшалар өздерінің құқықтары мен міндеттері жайлы білмейтіндіктен де заң нормаларын бұзатындықтарын байқатты.

кесте 4.Күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық құбылысымен бетпе-бет келген жағдайда нормативтік-құқықтық актілерге жүгіну көрсеткіштері

1	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі	42,0%
2	Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі кодексі	34,4%
3	Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі» заңы	27,4%
4	Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс кодексі	17,2%

Сыбайлас жемқорлық құбылысына төзбеушілік. Сыбайлас жемқорлық құбылысының орын алуына себепкер болатын көп жағдайларда азаматтар мен азаматшалардың өздері екендіктерін көреміз, өйткені олар сыйақы беру арқылы өз мүдделеріне қатысты шаруларын жасатып алудың ешқандай да әбестігі жоқ, неғұрлым тезірек жасалса, солғұрлым ол әрекеттің пайдасын да ертерек көреміз деп біледі. Сыйақы беру арқылы шаруасын шешуге қатысты қойылған сұраққа әрбір бесінші азамат (20%) «ия, солай болғаны дұрыс», (52%) жағдайға байланысты орын алатын құбылыс деп жауап берген.

Осы сұраққа жауап берген жастардың көрсеткіштері төмендегідей: «ия, солай болуы керек» - 12%, «ия, өте дұрыс шешім» - 24% және 64% - «жағдайға қарай көре жатамыз». Бұл жоғарыда келтірілген көрсеткіштер, қоғам мүшелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілік мәселесі төмен деңгейде екендігіні көрсетіп отыр, өйткені қоғам мүшелерінің басым көпшілігі өздерінің мүдделеріне қатысты шаруаны жоғарыда келтірген әдіспен шешкенді жөн деп біледі.

Біздің болашағымыз болып табылатын жастар арасында жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарай отырып, сыбайлас жемқорлық құбылысын құптайтындар саны басым болғандықтан да олардың тарапынан сыбайлас жемқорлықтың объектісі болатындар баршылық екендігін көріп отырмыз.

Кейбір шешімін таппаған мәселелерді шешудің жолдарына қатысты қойылған сұрақтарға талдау нәтижесі. Қызмет бабын пайдаланып лауазым иелері тарапынан көрсетілген қысымның куәсі болған адам барлық уақытта

бірдей құқық қорғау органдарының көмегіне жүгіне бермейді, сұралғандардың тек 4 % ғана көмек сұрап өтініш білдірсе, 6% көмекке жүгінер едік деп көрсеткен. Сұралғандардың (48%) барлық әрекет орын алған жағдайға қарай жасалатындығын айтқан, ал 37% олай етпеген болар едім деп ашық түрде пікірін білдірген және мұндай құбылыспен күрес жүргізуді өкілеттілік берілген органдар жүзеге асырысын деген пікірді құптайтындықтарын білдірген. Мұндай пікір білдіретіндер ауылдық жерлерде өте көп – 43%.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді басшылыққа ала отырып, ауылдық жердерде осы құбылыспен күрестің маңыздылығы жайлы семинар өткізген сәтте сыбайлас жемқорлық мәселесімен күрес жұмыстарын ұйымдастырушылардың өздері де келе-келе осы іске өздері де араласып кететіндіктерін мысал келтіре отырып мәлімдеген, өйткені күрес жүргізуге қатысты әрекетерден туатын зардаптар оның өзіне немесе отбасы мүшелеріне зиянын тигізуі мүмкін деген түсініктер қалыптасқан, сол себепті де осы құбылысы жайлы арнайы органдарға хабарлаумен ғана шектелген.

Сыбайлас жемқорлық құбылыстарың куәсі болсаңыз не істер едіңіз деген сұрақтардың жауаптары.Сұралғандардың пікірі бойынша, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тууының басты себебі қоғам мүшелерінің кез келген сұрақтарын тез арада және ешқандай кедергі болдырмау жолын - 52%, ал 31%. – бойынша сұрақтарын тез шешудің жолын қарастыру үшін лауазым иелерінің өздерінің пара беруге итермелеуінен туындайтын көрінеді. Сондай-ақ, тағы бір себебі орын алаған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтың туындамауын қарастыру себебінен -23% немесе сұрақтың шешімін аз ғана шығын шығару арқылы шешуді қарастыру арқылы- 21%.

кесте 5. Пара берудің себебі туралы.

Кез келген сұрақты осылай шешу жеңіл әрі тезірек	51,5%
Лауазым иесі сұрақты шешудің мерзімін пара бергенге дейін созғандықтан	30,8%
Жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін туындайтын әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылықты жеңілдету үшін	23,1%
Сұрақтың шешімін табудың осы жолы неғұрлым арзанырақ түсетіндіктен	21,1%
Кез келген сұрақты басқаша шешу жолдары бар екендігіне қарамастан осылайша шешу жолын қарастыруды дағдыланғандықтан	18,1%
Басқаша заңды жолмен шешу мүмкін болмағандықтан	15,1%
Тағы басқалар	0,7%

Сыбайлас жемқорлық құбылысының етек алып дамуының тағы бір себебі қоғамда әкімшілік кедергілердің орын алуы себепті, атап айтқанда сұралғандардың 38% заңды түрде көрсетілуі тиісті қызмет уақытының ұзаққа созылуынан деп жауап берсе, екінші бір тобы кезек күту уақытының ұзақтығынан дайындаған құжаттардардың жарамдылық мерзімі өтіп кететіндіктен. 30% сұралғандар, сұрақтың жауабын беруді кейінге қалдыру себепті десе, енді бір тобы 25%, қызмет көрсететін кабинеттер саны өте көп болып солардың ортасында жүретін уақыттың және олардың әрқайсысына ұсынылатын құжаттардың көптігінен деп жауап берушілер барлық сұралғандардың 21% құрайды.

кесте 6

Сыбайлас жемқорлықтың туындауына әсерін тигізетін жағдайлар

Қызмет көрсету уақытының өте ұзаққа созылуы	38,5%
Ұзақ кезек күту	38,1%
Сұрақтың шешімін шығаруды негізсіз кейінге қалдыру	30,1%
Кабинеттер санының өте көп болуы	25,1%
Дайындалатын құжаттар санының көптігі	20,7%
Қоғам мүшелерінің құықтарын ұдайы түсіндіріп отыратын ақпараттардың аздығы	15,7%
Әрбір кабинет сайын қажет құжаттар санын дайындаудың үнемі қайталанып отыратындығы	14,0%
Лауазым иесінің қызмет орнында болмауы, сұрақ шешімін шығаруға өкілеттілігінің болмауы, лауазым иелерінің қызмет көрсетушілерге қатысты қажетті қарым –қатынастың дұрыс жолға қойылмауы	13,7%
Ұжымдағы қызмет көрсету уақытының қолайсыздығы	13,0%
Қызмет көрсету құнының жоғарылығы	12,7%
Құжаттар дайындауға берілетін уақыттың шектеулілігі және ол уақытта дайындалмаса жауаптылыққа тартылатындығы	9,4%
Ыңғайсыз /түсініксіз формадағы бланктардың толтырылуға ұсынылатындығы	8,4%
Хабарасудың қиындығы мен мүмкін еместігі	8,0%
Бір қызмет түрі үшін түрлі төлем ақылар төлеудің қажеттілігі	6,0%
Бланктардың болмауы немес оның құнының жоғары болуы	4,7%
Қызмет көрсететін жерден қызмет ақысын төлейтін орынның қашық жерде орналасуы	4,7%
Тағы басқалар	1,0%

Қоғам мүшелерінің пікірі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдастырылып жатқан іс-шаралардың бағасы. Сұралған азаматтардың

пікіріне сүйенсек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет тарапынан ұйымдастырылып жатқан іс-шаралардың әсері небәрі 4% ғана құрайды, сұралғандардың 54% мемлекеттік іс-шаралардың әсері өте аз деп көрсетсе, 25% - ешқандай әсері жоқ деп біледі, ал 4% - керісінше жүргізіліп жатқан іс-шаралар кері әсер етеді деп біледі. Былтырғы жылы сұралғандардың 26% ұйымдастырылып отырған іс-шаралардың кері әсері көп екендігін көрсеткен болатын.

Сонымен мемлекет тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып жатқанымен олардың бұл құбылысқа әсер етуі өте төмен, керісінше неғұрлым көп іс-шара ұйымдастырылса,солғұрлым сыбайлас жемқорлық та дендеп дамып отырғандығы байқалады [4,85б].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізудің ең тиімді тәсілінің бірі «сенім телефондарын» қолдану, ол туралы БАҚ-да, көшедегі түрлі жарнамаларда көрсетілгенімен, ол телефонды қолданғандар саны өте аз, барлық сұралғандардың тек 7% ғана осы телефонның көмегіне жүгінсе, қалған сұралғандарың одан бәрібір пайда жоқ екендігін айтқан. Ендеше, сенім телефондары туралы жарнаманың сыбайлас жемқорлықпен күресте алатын ешқандай да маңызы жоқ болса, онда сыбайлас жемқорлықпен күрестің басқа да тиімді жолдарын іздестіретін уақыт жеткен сияқты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Тілеубергенов Е. Ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық топтардың қылмыстарының жасалу себептері. Алматы.2009

2. Мауленов Ғ. Сыбайлас жемқорлықтыңалдын-алу. Алматы. 2003.

3 ҚР Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015ж. заңы

4. Алауов Е.О Проблемы правовой борьбы с коррупцией.Алматы: 2007.

Байкенжина К.А-з.ғ.к., доцент.
ҚазтұтынуодағыҚарағанды экономикалық университеті. Қазақстан
Оралова Э.- магистрант
ҚазтұтынуодағыҚарағанды экономикалық университеті. Қазақстан

МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Құқық қорғау органдары тарапынан жүргізілетін меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары бұл- осы бағыт бойынша белгілі бір мақсатты көздеп, яғни меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың санын азайту мақсатында, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалу себептерін анықтау, болдырмау үшін қажетті іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу, қоғам мүшелелерінің құқықтық білім деңгейін көтеру. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары ұйымдастыру-әдістемелік, құқықтық, тәрбиелік және басқа да іс-шаралар мен әдістердің жиынтығы тұратын жұмыстардан құралады. Бұл бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу белгілі бір тәртіппен, ұйымдастырылатын аудандармен қалалардағы нақты жағдайларға, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сапалық және сандық көрсеткіштеріне орай құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің тікелей ұйымдастыруымен және қатысуымен жүзеге асырылады, ондай іс-шаралар тізіміне төмендегідей іс-шараларды жатқызуға болады:

-құқық қорғау органдарының қызметкерлері отбасы жағдайында еш жерде жұмыс істемей, ұдайы жанжал шығарып, соңын төбелеске ұластыратындармен, ұдайы ішімдік ішумен айналысатындармен, есірткі пайдалануға әуестік танытатындармен және сол сияқты болмашы келіспеушілік салдарынан кез-келген тұлғамен ұрыс-жанжал шығаруға әуес тұлғаларды тұрғылықты мекен-жайлары бойынша анықтап, сол мекен -жай бойынша қызмет көрсететін учаскелік полияция қызметкерлерімен бірлесе отырып жалпы және арнайы тәрбиелік мәні бар жұмыстар жүргізу;

-психикасы бұзылған және арнайы психикалық дәрігерлік есепте тұратындарды анықтап, сол мекен -жай бойынша қызмет көрсететін учаскелік

полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып жалпы және арнайы тәрбиелік мәні бар жұмыстар жүргізу;

-полиция бөлімшесінде тіркеуде тұрған қару-жарақтары бар және олардың иелерінің арасында ұрыс-керіске, ішімдік ішуге, есірткі шегуге, жақын тұратын тұратын тұлғаларды анықтап, олармен ұдайы профилактикалық жұмыстар жүргізу;

-жазасын өтеу мекемелерінен жазасын толықтай өтеп келгендерді немесе жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босанып келгендерді тұрақты мекен-жайлары бойынша анықтап, учаскелік полияция қызметкерлерінің көмегімен оларды арнайы есепке алып, ұдайы әкімшілік бақылауда ұстауды жүзеге асыру;

-пайдакүнемдік мақсатпен, заңсыз жолмен табыс табу жолдарын іздейтіндерді және табыс көзінің сондай жолын таңдағандарды көздерін, олардың жүрген ортасын, бос уақыттарында немен айналысатындықтарын анықтау, ұдайы көзден таса етпей қадағалауда ұстау;

-жазасын тұрғылықты мекен-жайында өтеп жүрген тұлғаларды анықтау , олардың тарапынан өзге де құқық бұзушылықтардың болмауын қадағалау мақсатында арнайы жұмыстар жүргізу;

-ұдайы ішімдік ішіп, еш жерде жұмыс істемей бала тәрбиесіне салғырт қарайтындармен, сол сияқты балаларын қайыршылықпен, жезөкшелікпен, қаңғыбастықпен айналысуға итермелейтін ата-аналарды тұрғылықты мекен-жайы бойынша есепке алып, қадағалау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру;

-орта мектептер мен колледждерде құқықтық тәрбие беру мақсаттарында түрлі іс-шаралар, кездесулер ұйымдастыру, сондай-ақ мектеп оқытушыларымен біріге отырып толық емес, ішімдікке әуес, еш жерде жұмыс істемейтін отбасы мүшелері бар жанұяларда арнайы жұмыстар жүргізу [1.51-53бб].

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ондай қылмыстардың алдын алу шараларын көбінесе жедел іздестіру тобының қызметкерлері жүзеге асырады. “Алдын алу шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыруда жедел іздестіру бөлімі ерекше роль атқарғанығымен, барлық іс-шараларды тек қана сол бөлімшенің қызметкерлерінің жүзеге асыруы мүмкін емес, өйткені олар көп жағдайда ұйымдастырушының, бағыттаушының рөлін атқаруы да мүмкін”[2,39-41бб]. шынында да, алдын алу шараларын бір ғана бөлім қызметкерлерінің толық қанды жүзеге асыруы ақылға қонбайтын ұғым,

өйткені, олардың құқық қорғау қызметкерлері ретіндегі басты міндеті орын алған қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын кімнің жасағанын анықтау.

Бірақ дегенмен де, атқаратын қызмет барысына қарай олар көбіне меншікке қарсы жасалатын қылмыстардың жасалу себебі мен жағдайларын ұдайы анықтап, ол туралы мәліметтерді тиісті органдарға жіберіп те отырады, атап айтқанда, кәмелетке толмағандар тарапынан жасалған ұрлық қылмыстары бойынша оқу орындарына меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың орын алғандығын хабарлап қана қоймайды, сонымен қатар оның жасалу себептері мен жағдайларына тоқтала отырып, алдағы уақытта осындай оқиғалардың орын алмауы мақсатында тиісті іс-шаралар өткізу қажеттілігін де ұсынады.

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары тұрғылықты мекен-жайына байланысты полицияның учаскелік инспекторы арқылы жүзеге асырылады.Олар түрліше әдіс-тәсілдерді, айла-амалдарды қолдана отырып, күш қолдану, қорқыту арқылы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасайтын және ондай қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға таяу жүретін, икемі бар және қылмыс жасаудың осы әдісін пайдаланып бұрын да қылмыс жасаған тұлғаларды, сондай-ақ, жазасын өтеп келгендердің арасынан да осы әдіс-тәсілді пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасағандарды есепке алады және олармен тікелей өзі немесе басқа да құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен арнайы іс-шаралар өткізеді.

Біздің пікірімізше, меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы ең басты мақсат, осындай қылмыс жасаған және жасауға икемі бар тұлғаларды дер кезінде анықтап, есепке алу, олармен арнайы жұмыстар жүргізу. Ал, күдікті тұлғаларды астыртын анықтау және оған байланысты іс-шараларды барлық құқық қорғау органдарының қоғам мүшелерімен бірігіп жүзеге асыруы қажет.

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауды қылмыс жасаудың бастапқы сатыларында (дайындық және оқталу) тойтарып, зардаптың болуына жол бермесе, мұндай іс-шаралар осындай қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ниеті бар тұлғаларға үлкен әсер етеді. Тәжірибе жүзінде меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы көбіне дайындық сатысында емес, оқталу сатысында ғана белгілі болады,

ал бұл өз кезегінде қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының дер кезінде жүргізілмейтіндігін, оны ұйымдастыратын тұлғалардың әрекеті, қылмыс жасаушы тұлғалардың әрекетінен кейін ғана жүзеге асырылатындығын көрсетеді.

Жедел іздестіру бөлімдерінің қызметкерлерінің талдауларына сәйкес, меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың -80%-ын бұрын түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалардың жасайтындығын көрсетті. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандардың қылмыстық құқық бұзушылық жасағанға дейін олардың көбінің қылмыс жасауға бейімі болған, жас кездерінде ұсақ түйектер ұрлаған, бірақ ешқешен жауаптылыққа тартылмаған, тек 20%-да ғана мұндай қылмыстық құқық бұзушылық жасау ниеті болмаған, тек қасындағылардың мазағынан, келемежінен немесе олардан қорыққандықтарынан ғана осындай әрекеттер жасауға барған [3,104-106бб].

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандардың 50% бұрын ұрлық, қарақшылық, алаяқтық, тонау, қорқытып алу сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасап сотты болғандар. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топ болып жүзеге асырғанда, топ мүшелерінің 60% бұрын сотты болған болса, 40%-ның соттылығы болмаған. Сондықтан да, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу іс-шараларын ұйымдастырып, жүргізген кезде бұрын сотты болмағандар мен бұрын сотты болғандарға қатысты шараларды қатар жүзеге асыру керек .

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда алғашқы іс-шаралар, осы тәсілді пайдаланып қылмыс жасаған және жауаптылыққа тартылған тұлғалармен қатар қылмыстық құқық бұзушылықтың осы түрін жасауға бейім тұратын тұлғаларды анықтау болып табылады. Анықтауды осылайша жүзеге асырудағы мақсат, бұрын меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандардың қылмыстық құқық бұзушылық жасау себептері мен жағдайларын анықтай отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың осындай түрлерін жасаушылармен профилактикалық жұмыс жүргізуге қатысты іс-шаралар ұйымдастырудың арнайы бағдарламасын жасау.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушылардың жоғарыдағы келтірілген екі тобымен бір мезгілде өткізілетін профилактикалық

іс-шараларды төмендегідей бағыттар бойынша жүзеге асырған орынды болар еді:

-әрбір меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері бойынша (ең көп жасалатындары бойынша: ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу) олардың жасалу себебін анықтап, ондай жағдайларды болдырмау үшін арнайы іс-шаралар жоспарлап жүзеге асыруды жолға қою;

- әрбір меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері бойынша (ең көп жасалатындары бойынша: ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу) оларды жасаған тұлғаларды анықтау;

-меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасап, жазасын толықтай өтегендер мен жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босатылған тұлғаларды анықтау және олардың қазіргі кездегі айналысып жүрген іс-әрекеттерінен хабардар болып, бақалу қоюды ұйымдастыру;

-меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар тарапынан өзге де тұлғаларды қылмыстық құқық бұзушылықтардың осындай түрлерімен айналысуға баулуды, жасауға итермелеуді, үйретуді болдырмауды жолға қою.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды өткізуде алға қойған мақсатқа жету үшін осы мәселеге қатысты жан-жақты тексерілген нақты мәліметтер қажет, және ол мәліметтер кемі соңғы үш жылдың көлеміндегі мәлімет болса тіптен жақсы. Сұрау салынған 100 жедел іздестіру бөлімі қызметкерлерінің 80-тан астамы меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты нақты, толық әрі жан-жақты мәліметтер алатын көздердің жоқ екендігі, бар болғанының өзіндегі мәлімет ұдайы жаңартылып отырылмайтындықтан профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыруға жарамсыз екендігін атап өтті.

Осыған қарап, барлық құқық бұзушылықтардың ішінде ең көп жасалатын құқық бұзушылық түрі меншікке қарсы құқық бұзушылық болғандықтан, құқық қорғау органдарында меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды күнделікті тіркеп, оның жасалу себебін, жағдайын, жасаушы тұлғаға қатысты мәліметті қарастырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың осындай түрінің ең көп жасалатын орнын т.б. қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысты іс-шаралар ұйымдастыруға қажет мәліметтер жинаумен, талдаумен айналысатын көмекші органның қажет екендігін көруге болады.

Осы орайда, “Жедел іздестіру жұмысын ұйымдастыру жөніндегі заңға” сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға байланысты ұйымдастырылатын іс-шаралар меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі өзекті мәселені шешуде толықтыруды қажет ететін секілді. Атап айтқанда, қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы орын алғанымен қылмыстық іс қозғалмаған, қылмыстық ниет пен әрекет жасырын түрде іске асырылып жатқан латентті қылмыстарды есепке алып, оның алдын алуда бақылау жүргізу үшін “агентураның” қызметін жетілдіру қажеттігі туындап отырған сияқты. Кейбір заңгерлердің пікіріне сүйенсек, латентті қылмыстық құқық бұзушылық жоқ сияқты. Бірақ, бұл тіптен де олай емес, жоқ деген пікір латентілік ұғымын кімнің қалай түсінетіндігіне байланысты.

К.К.Горяинов, А.П.Исиченко және Л.В.Кондратюктердің пікірі бойынша “Латентті қылмыс дегеніміз-бұл дер кезінде қылмыстық құқық бұзушылық оқиға туралы мәлім болмай, соның салдарынан қылмыстық іс қозғалып алдын ала тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілмей құқық қорғау органдарынан жасырынып назарынан тыс қалған қылмыстар”[4,76-77бб].Жоғарыдағы келтірілген пікірмен толықтай келісе отырып, латентті қылмыстар бар, болды және бола береді, сондықтан да ондай қылмыстардың алдын алу жұмыстарын бір сәтке де тоқтатпау керек, өйткені ондай қылмыстар көбіне із-түссіз жоғалып кеткендермен, белгісіз мәйіттермен, қылмыстық әрекетті дұрыс сараламаумен тікелей байланысты болуы да мүмкін деген пікір білдіреміз.

Сондықтан да, бүгінгі күн тәртібінде тұрған тағы да бір өзекті мәселенің бірі латентті қылмыстық құқық бұзушылықтар жайлы да мәліметтер жинау, өйткені ірі көлемде зардап келтіру арқылы жасалған қарақшылық, тонау, ұрлық қылмыстары бойынша, мұндай мәліметтер меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда шешуші рөл атқарады. Меншікке қарсы жасалған құқық бұзушылықтар бойынша толық және жан-жақты алынған мәліметтерге сәйкес құқық қорғау органдары профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыру жұмысын нақты бағыттар бойынша жүргізе алады және одан күткен қорытындыны да ала алады, ең бастысы мәліметтер негізді, нақты және соңғы болса, өткізілетін іс-шаралар да соған сәйкес күткен нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысты өткізілетін бір-бірімен өзара тығыз

байланыстағы және бір-біріне өзара қатысы бар мәліметтердің: әлеуметтік, психологиялық, криминологиялық, қылмыстық-құқықтық, криминалистикалық, құқықтық-атқарушылық, жедел-іздестірушілік т.б. бірнеше түрі бір-бірімен қабаттаса отырып жүргізілуі де мүмкін. Осы бағытта өткізілген іс-шаралардың барлығы жиылып меншіике қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалу себебі мен жағдайына қатысты мәліметтер жүйесін құрайды, сондықтан да мұнда бастысы алдын алу шараларын ұйымдастыруда қай мәлімет нақтырақ, соңғы және араларындағы байланыс қандай деген сұрақтардың нақты жауабын табу.

Мысалы, жазасын өтеу мекемелеріндегі жасалатын меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін, олардың жазасын өтеу кезіндегі басқа да жазасын өтеушілермен арадағы байланысы, жазасын өтегенге дейінгі және жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлық көрінісі, араларындағы болашақ жайлы айтылатын әңгіме тақырыптары т.б жайлы мәліметтер болуы керек. Айта кету керек, мұнда меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жиналған толық емес мәліметтер де, өте көп мәліметтер сияқты алдын алу шараларын жүргізуге өз залалын тигізеді, себебі, алынған мәліметтер бойынша талдау жасауға кететін уақыт, мәліметке сүйене отырып жасалатын алдын алу іс-шараларының жоспарлары да жарамсыз болып, күткен нәтижеге қол жеткізуге кедергі келтіреді.

Біздің пікірімізше, құқық қорғау органдарына меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша келетін мәліметтердің маңызы ерекше, өйткені қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының нәтижесі талдауға ұсынылған мәліметтердің маңыздылығымен тікелей байланысты. Бұрын бір немесе бірнеше рет меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасап, жазасын өтеушілер арасындағы меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар жайлы жасырын түрде жиналатын мәліметтердің де өз орны бар. Көбінесе, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша оларды жасаған тұлғаларға жаза тағайындалмай тұрып-ақ, оның қылмысты не себепті, қандай жағдайда жасағаны, келтірген зардабының көлемі, қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылар саны жайлы барлық мәліметтер жиналады.

Егер, осындай тұлғаларға қатысты жинақталған материалдар, сот үкімімен бірге оның жеке іс-қағаздарымен бірге жазасын өтеу мекемесіне

жіберіліп, ал жазасын өтеп болған кезде бұл материал жазасын өтеушінің тұрақты мекен-жайына жіберіліп отырса, тұлға қайда жүрсе де ол туралы құқық қорғау қызметкерлерінің қолдарында жеткілікті мәліметтер болғандықтан, оның одан ары қылмыс жасауына дер кезінде тосқауыл қою мүмкіндігі болар еді.

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысты іс- шараларды ұйымдастыруда, осы топқа кіретін әрбір қылмыстық құқық бұзушылық түріне қатысты жеке-жеке мәліметтер жинақтап, оларға талдаулар жасау арқылы жүргізілсе, меншікке қарсы жасалатын ауыр қылмыстар, атап айтқанда тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық, алаяқтық сияқты қылмыстардың азаяр ма еді. Ондай мәліметтер кезекшілік бөліміндегі, канцеляриядағы қылмыстық құқық бұзушылықтарыд тіркеу журналдарында, статистикалық отчеттарда болуы мүмкін, ал, қазіргі ақпараттық құралдардың дамыған заманында мұндай ақпараттық мәліметтер компьютер желісіне салынса да жеткілікті.

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалу себебі мен жағдайына және оны жасаушы тұлғаға қатысты мәліметтер жинаумен қатар, осындай қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысты жүргізілген іс-шаралар қорытындысына да талдау жасау өте маңызды, өйткені олардың қорытындысы бойынша жаңа міндеттер пайда болып, жаңа іс-шаралар жүргізу жоспарланады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Г.М.Атаханова. Меншікке қарсы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері.Алматы.2014

2. К.Б.Есмагамбетов. Бөтеннің мүлкін талан-таражға салу түсінігі.Алматы. 2010

3. К.А.Сариева. Пайдакүнемдік қылмыстардың факторлары. Астана. 2012.

4.С.И.Сейтказина. Меншікке қарсы қылмыстар бойынша тергеу және саралау жүргізудің ерекшеліктері. Тараз.2011.76-77бб

Zhailauova A., Altaeva M.
M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent city, Kazakhstan

THE FIGHT AGAINST CORRUPTION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Corruption as a social phenomenon continues to exist now in virtually all countries of the world, regardless of political and economic development.

It is a threat not only to the social and economic development of the state, it also has a negative impact on the moral and moral image of the country. And as for me in this regard, in Kazakhstan, the fight against corruption is given special importance. In accordance with the instructions of the Head of State, a consistent anti-corruption policy is being implemented in Kazakhstan today.

For example, Kazakhstan among the few countries of Central Asia adopted the Law on Combating Corruption. In addition, a state anti-corruption program has been developed and successfully implemented in Kazakhstan, the State Commission under the President has been established to combat corruption and maintain official ethics by civil servants, and measures to reform the administrative system are constantly being improved.

At the same time, the problems of fighting corruption still remain in the domestic system of public administration. In addition, within the framework of the administrative reform in Kazakhstan, the functions of central government bodies are gradually decentralized with the gradual transfer of certain functions to the regions and the private sector, conditions are created for the development of competition in the provision of public services, and the "one window" principle is implemented. In addition, in Kazakhstan for several years, the e-government system has been functioning on an ongoing basis, which is an effective and efficient method of combating corruption, ensuring transparency in the provision of public services to the public.

I believe that corruption in Kazakhstan is a significant problem for the country's economic and political development, this is a threat to its national security. The fight

against corruption in Kazakhstan is not the first year. It is impossible to completely eradicate corruption, but it is entirely within the power of any state to reduce its level. Provided that this work will be conducted systematically, and not on a case by case basis.

The Concept of the Legal Policy of the Republic of Kazakhstan, approved by President Nazarbayev NA, laid specific foundations for further improvement and development of the entire range of existing legislation, including anti-corruption.

However, the Government of our republic, over the years that passed after the adoption of the Concept of Legal Policy, has not taken any effective measures to improve and develop the current anti-corruption legislation.

The problem of fighting corruption is one of the most urgent in the life of our society and the state at the present stage. Corruption destroys and destroys state foundations from within, nullifies all the beginnings of honest people who are ready to invest soul and heart in service and prosperity for the benefit of our people and the Fatherland. To increase the effectiveness of the fight against corruption, it is necessary to activate the Set of measures of political, legal and moral order, we need an active vital and political will of the entire people of Kazakhstan, aimed at creating a society in society that burns the earth under the feet of corrupt officials! And only then can we expect certain positive results.

Today's state of the fight against corruption leaves much to be desired. The legal mechanism for fighting corruption has not been sufficiently effective and is working, hence such measures of responsibility for corruption offenses. One of the most effective levers to combat corruption violations is a rigid criminal legal struggle against corruption crimes. Criminal legislation providing for responsibility for various corruption crimes does not fully fully and clearly regulate the range of issues related to the commission of corruption crimes in our country. It should be improved, taking into account the positive experience of criminal lawmaking of foreign countries.

It is necessary to tighten the sanction of articles for corruption, at the level of legislation, to make punishments for crimes against state power more severe, and therefore not only fair and inevitable, but also frightening. And even small sizes should not be an excuse for such an act. Personally, I believe that there must be mandatory confiscation of all property, without the right to continue this activity in the future and deprivation of liberty, without the right to parole.

The Law "On Civil Service" should be amended and supplemented with regard to stricter requirements for the selection of cadres, for work in the public service system:

1. All civil servants must take an obligation, if an employee is seen or convicted of corruption, he and his family will be deprived of the opportunity to participate in all state programs.

2. Annual inspection of all close relatives for movable and immovable property (savings in banks, etc.).Check carefully, in what way is earned and on legal grounds.

3. Rotation of civil servants every 5 years (not by command).

4. Optimization of staff of central apparatus as a method of fighting corruption.

5. Create a database of who was involved in corruption.

6. Create a database of corrupt citizens.

A person with a pure heart is obedient to the advice and faithful to his word. I do not believe people when they say that they have done evil through a misunderstanding. Most likely, this happens due to lack of honor, dignity and decency.

In life, I have never met people who would return to a decent and noble life themselves, easily rejecting bad - bad habits-inclinations (foul language - obscene language, alcoholism, bribery, etc.), who would sincerely admit their guilt and goodwill followed reason. Man, his honor, honor, dignity, decency and industriousness make man a real person (regardless of nationality). Is it possible to call the Person of the one who has lost honor and does not feel shame.

The hadeeth, which tells of the glorious deeds of the prophet, says: "He who has no shame, he does not have faith." The Kazakh proverb says: "He who has learned shame, he will comprehend faith." So, one of the sacred feelings is SHAME!

Unfortunately, many people are not that ashamed, they do not even feel embarrassed when they commit dishonorable deeds. Our ancestors said: "Having become rich through an unjust way, he will not find a worthy application to his state."

The fight against corruption should not be reduced to one-off and periodic events: meetings, conferences, debates, meetings, orders and reports.

The fight against corruption must be conducted every minute, every day, every month, all the time, and it must be conducted systematically and systematically, but in no case can it be emphasized and emphasized, that is, it should always be present in everyday life - behavior and upbringing each person.

Every country, including Kazakhstan, can resist corruption, but this requires a lot of work and contribution! In the end, I want to say that Kazakhstan will be zealous on this issue, and society will invest in it all!

We are sure that Kazakhstan can resist corruption and become the most anti-corruption country!

List of used literature

1. О противодействии коррупции: Закон Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V. http://adilet.zan.kz.

2. Anti-corruption Education and Awareness Raising of the Public. http://www.stt. lt/en/menu/anti-corruption-education/.

3. Дамаскин О. В. Коррупция: состояние, причины, противодействие. – М., 2009. 304 с.

4. Основы противодействия коррупции: учебное пособие / Под ред. И. И. Рогова, К. А. Мами, С. Ф. Бычковой. – Алматы: ОФ «Транспаренси Казахстан», ОФППИ. – «Интерлигал» в Казахстане, 2004. – 328 с.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған б.ғ.д., профессор Б. С. Абдрасилов. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.

Občanské právo

Блажко К.А., студентка
Науковий керівник:
Щипанова О.О., к.ю.н., доцент
Запорізький національний університет

СВОЄЧАСНЕ ЗВЕРНЕННЯ ДО НОТАРІУСА ЯК ЗАПОРУКА ЗАХИСТУ ПРАВ ТА ЗАКОННИХ ІНТЕРЕСІВ СПАДКОЄМЦІВ

Стаття 41 Конституції України передбачає право володіти, користуватися і розпоряджатися своєю власністю, результатами своєї інтелектуальної, творчої діяльності. Відповідно до Цивільного кодексу України право власності набувається на підставах, що не заборонені законом, зокрема із спадкування. Спадкове право забезпечує можливість зберегти та використати майно спадкодавця, чим сприяє підвищенню матеріального добробуту родини померлого, зміцненню власності фізичних осіб-спадкоємців.

Спадкове право безпосередньо спрямоване на захист особистих інтересів фізичних осіб, оскільки надає можливість кожному розпорядитися своїм майном на випадок смерті, наприклад, визначивши в заповіті його долю.

Слід зауважити, що спадщина складається з прав і обов’язків спадкодавця, тобто до складу спадщини входять і його борги (невиконані зобов’язання, неоплачені кредити тощо), якщо вони у нього були на день смерті. Спадкоємець має право приймати таку спадщину чи відмовитися від неї. Не входять до складу спадщини права та обов’язки, що нерозривно пов’язані з особою спадкодавця, зокрема: особисті немайнові права; право на участь у товариствах та право членства в об’єднаннях громадян, якщо інше не встановлено законом або їх установчими документами; право на відшкодування шкоди у зв’язку з каліцтвом або іншим ушкодженням здоров’я; права на аліменти, пенсію, допомогу або інші виплати, встановлені законом; права та обов’язки особи як кредитора або боржника [1].

Основу регулювання відносин спадкування складають норми Цивільного кодексу України (Книга 6, глави 84-90), відповідно до яких спадкування - це

процес переходу сукупності прав і обов'язків, які належать померлому, до інших осіб. При спадкуванні переходять усі права та обов'язки за винятком тих, що нероздільні з особистістю померлого і припиняються з його смертю. Спадкоємець не вправі прийняти тільки частину переданих прав і обов'язків. До спадкоємця переходять навіть ті права та обов'язки, про які він не знав [2].

Проблеми спадкування досліджували багато українських, російських та зарубіжних вчених-юристів, таких як: М.М. Агарков, Ч.Н. Азімов, С.С. Алексеєв, М.І. Брагінський, М.М. Вітрянський, Ю.О. Заіка, О.С. Іоффе, В.М. Співак, О.А. Підопригора, Я.М. Шевченко, Б.Б. Черепахін, С.Я. Фурса, Є.О. Харитонов та ін.

Метою даної роботи є висвітлення важливості звернення осіб до приватних нотаріусів чи до державних нотаріальних контор для відкриття спадкової справи після померлих задля того, щоб у майбутньому запобігти конфліктам, неурегульованим питанням щодо права власності на спадкове майно, виникненню проблем, вирішити які потрібно у найкоротші строки, і таким чином забезпечити збереження законних прав та інтересів осіб.

Велика кількість осіб загалом обізнана питаннями спадщини, важливістю відкриття спадкових прав, проте за різних обставин особи або пропускають строк прийняття спадщини, або взагалі не звертаються до нотаріуса, а вже при вчиненні інших дій постає питання щодо частки права власності померлого у такому майні.

Якщо у першому випадку, коли спадкоємці звертаються після спливу шести місяців на прийняття спадщини, деяких з них рятує спільна реєстрація місця проживання з померлою особою, то на спадкоємців, не зареєстрованих разом зі спадкодавцем, очікує постанова про відмову у вчиненні нотаріальної дії. Після того такі спадкоємці мусять пройти довгий, затратний як фінансово, так і морально процес розгляду справи у суді щодо встановлення додаткового строку для прийняття спадщини. І тільки після вирішення судової справи на користь спадкоємця у встановленому законом порядку він зможе прийняти спадщину і оформити свої спадкові права.

У випадку, коли спадкоємці взагалі не звернулись до нотаріуса для відкриття спадкової справи, така потреба може виникнути неочікувано через багато років. Наприклад, це може статись, коли дружина (вдова) - спадкоємець першої черги, захоче відчужити нерухоме майно, яке було набуте подружжям за час шлюбу, а для цього потрібна згода одного із подружжя. Адже таке майно

належить дружині та чоловікові на праві спільної сумісної власності незалежно від того, що один з них не мав з поважної причини (навчання, ведення домашнього господарства, догляд за дітьми, хвороба тощо) самостійного заробітку (доходу) [3].

У такому випадку подальші дії спадкоємця будуть направлені на відкриття спадкової справи, видачу свідоцтва про право власності на частку в спільному майні подружжя на підставі письмової заяви. І тільки після цього нотаріус може посвідчити договір купівлі-продажу того чи іншого нерухомого майна [4].

Крім того, обставини можуть скластись таким чином, що спадкоємці другої черги отримають спадщину, навіть за наявності спадкоємців першої черги. Такий випадок може трапитися, якщо протягом шести місяців для прийняття спадщини спадкоємці другої черги подали належну заяву про прийняття спадщини до нотаріуса, а таких заяв від спадкоємців першої черги до нотаріуса не надійшло, з належним повідомленням нотаріусом спадкоємців [5].

Найпростішим прикладом, коли може виникнути конфлікт між спадкоємцями, буде ситуація, коли за заявою того спадкоємця, хто перший звернувся до нотаріуса, звичайно, за місцем останнього проживання спадкодавця, і подав заяву про прийняття спадщини, буде заведена спадкова справа саме тим нотаріусом, якого обрав спадкоємець. І замінити нотаріуса іншим спадкоємцям вже буде неможливо. Тобто в інтересах спадкоємців звернутись якомога скоріше до нотаріуса, місце розташування якого більш зручне, оплата нотаріальних дій співпадає з фінансовими можливостями, і, взагалі, який спадкоємцю до вподоби.

Вищенаведені лише декілька прикладів ситуацій, що можуть спіткати спадкоємців у разі несвоєчасного звернення до нотаріуса щодо відкриття спадкової справи, але на практиці приватних та державних нотаріусів їх зустрічається значно більше і випадки набагато складніші.

Отже, наведені приклади ситуацій дають зрозуміти, що відкриття спадкової справи – важливий крок у діях кожних спадкоємців після смерті особи. Звернутись до нотаріуса краще у найкоротші строки задля того, щоб не пропустити строк прийняття спадщини, або подати заяву про відмову у прийнятті спадщини у разі спільного проживання зі спадкодавцем, інакше в подальшому не обійтись без позовних заяв до суду.

До того ж, вважаємо доречним порадити тим спадкоємцям, що не відносяться до першої черги спадкування, навіть за наявності спадкоємців попередніх черг, звертатися до нотаріуса із заявою про прийняття спадщини, оскільки у разі неподання заяв про прийняття спадщини родичами ближчого ступеня споріднення, право на спадкування перейде до родичів подальшого ступеня споріднення.

Відкривається спадкова справа тільки один раз і тільки в одного нотаріуса, тому краще заздалегідь узгодити вибір нотаріуса з іншими спадкоємцями, а якщо стосунки з ними не складаються, звернутись першим, щоб зробити найбільш оптимальний вибір.

Крім того, вважаємо за доцільне, щоб органи влади інформували та спонукали осіб своєчасно звертатися до нотаріуса для відкриття спадщини. Тільки своєчасне звернення до нотаріуса та відкриття спадкової справи убезпечить спадкоємців від порушення їх законних прав та інтересів.

Література:

1. Правознавство: Підручник В. Ф. Опришко, Ф. П. Шульженко, С. І. Шимон та ін.; За заг. ред. В. Ф. Опришка, Ф. П. Шульженка. - К.: КНЕУ, 2003. - 767 с.

2. Цивільний кодекс України від 16.01.2003 №435-IV. URL:http://zakon.rada.gov.ua/laws/show/435-15

3. Сімейний кодекс України від 10.01.2002 № 2947-III. URL:http://zakon.rada.gov.ua/laws/show/2947-14

4. Про затвердження Порядку вчинення нотаріальних дій нотаріусами України: Наказ міністерства юстиції України від 22.02.2012 № 296/5. URL:http://zakon.rada.gov.ua/laws/show/z0282-12

5. Про нотаріат: Закон України від 02.09.1993 № 3425-XII. URL:http://zakon.rada.gov.ua/laws/show/3425-12

CONTENTS

HISTORIE

Všeobecná historie

Яхновська А.В., Колесник М.В. ПРОБЛЕМА ГОЛОДОМОРУ 1932-1933 РОКІВ .. 3

POLITIKA

Regionální politické procesy

Ормышева Т.А. УПРАВЛЕНИЕ ВОДНЫМИ РЕСУРСАМИ ТРАНСГРАНИЧНЫХ РЕК В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: АНАЛИЗ МЕЖГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ 6

Globální studie

Залесский Б.Л. КОМИТЕТ ПО СОТРУДНИЧЕСТВУ НАМЕЧАЕТ ПЕРСПЕКТИВЫ 10

PRÁVNÍ VĚDY

Forenzní a forenzní medicína

Ковальов К.М., Шаршонь М.Б., Кравчук О.В. ВИКОРИСТАННЯ В ПРАКТИЧНІЙ ДІЯЛЬНОСТІ ВКЛАДНИХ ПАТРОННИКІВ ДЛЯ ВІДСТРИЛУ ПАТРОНІВ ВІДПОВІДНОГО КАЛІБРУ ПІД ЧАС ПРОВЕДЕННЯ СУДОВО-БАЛІСТИЧНИХ ДОСЛІДЖЕНЬ..... 16

Калиева А.С., Сейсенова А.Т. ИССЛЕДОВАНИЕ СЛЕДОВ КРОВИ НА ВЕЩЕСТВЕННЫХ ДОКАЗАТЕЛЬСТВАХ ФЕНОЛФТАЛЕИНОМ..... 16

Správní a finanční právo

Іванчук Г.М., Гусар О.А. ЗАСТОСУВАННЯ АДМІНІСТРАТИВНОГО ПРИМУСУ У СФЕРІ ЦИВІЛЬНОЇ АВІАЦІЇ 20

Шинтаева Ф.Е. ,Жуматаева Ж.А. РОЛЬ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА – В УКРЕПЛЕНИИ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ 23

Богенбаева А.К., Касенова К.У. РЕЛИГИОЗНЫЙ ЭКСТРЕМИЗМ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И МЕТОДЫ БОРЬБЫ С НИМ..... 29

Trestní právo a kriminologie

Байкенжина К.А.,Абдихаликов Е.Б МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ЖАСАЛУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ 35

Baikenzina K.A ABOUT A CONCEPT OF CRIMES OF THE SPHERE OF ECONOMIC ACTIVITY..... 45

Байкенжина К.А.,Баранбаева А. АДАМ САУДАСЫ МЕН ЗАҢСЫЗ КӨШІ-ҚОН АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС 50

Сатбаева Қ. , Берсүгір А. МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ТЕОРИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ 57

Байкенжина К.А. ,Дюсекина У. КІСІ ӨЛТІРУДІ ЖАСАҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ АНЫҚТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАКТИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕР 65

Байкенжина К.А. ,Қали А.А. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ МҮЛІКТІК ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ 74

Байкенжина К.А., Мажикенов Н.С. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ҚОҒАМ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫ 84

Байкенжина К.А.,Оралова Э. МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ 95

Boj proti hospodářské kriminalitě

Zhailauova A., Altaeva M. HE FIGHT AGAINST CORRUPTION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN 103

Občanské právo

Блажко К.А., Щипанова О.О. СВОЄЧАСНЕ ЗВЕРНЕННЯ ДО НОТАРІУСА ЯК ЗАПОРУКА ЗАХИСТУ ПРАВ ТА ЗАКОННИХ ІНТЕРЕСІВ СПАДКОЄМЦІВ 107

CONTENTS 111

243201
244668
245374
245747
245770
245611
245622
245899
244882
244884
244886
244887
244888
244889
244890
244891
245640
244926